

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЦЕНТР ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Балалар ғылыми-техникалық шығармашылығының  
білім беру бағдарламалары**

Әдістемелік ұсынымдар

**Образовательные программы  
научно-технического творчества детей**

Методические рекомендации

**Астана, 2015**

**Әдістемелік ұсынымдар «Балалар ғылыми-техникалық шығармашылығының білім беру бағдарламалары»** (әдістемелік ұсынымдар) - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015, - 179 бет.

**Методические рекомендации «Образовательные программы научно-технического творчества детей»** (методические рекомендации) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2015, - 179 стр.

**Рецензенты: к.ф.-м.н. Сауханова Ж.С., к.т.н. Касымов У.Т., д.т.н. Атанов С.К.**

«Балалар ғылыми-техникалық шығармашылығының білім беру бағдарламалары» әдістемелік ұсынымдары ғылыми-техникалық қосымша білім беру жағдайында балалардың функционалдық сауаттылығын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша басшылыққа ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдар балалардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесінің инновациялық модельдер спектрін кеңейтуге бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар басшыларға, әдіскерлерге, жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналады.

В методических рекомендациях «Образовательные программы научно-технического творчества детей» представлено руководство по разработке образовательных программ с учетом развития функциональной грамотности детей в условиях дополнительного научно-технического образования.

Методические рекомендации направлены на расширение спектра инновационных моделей системы научно-технического творчества детей.

Предлагаемый материал адресован руководителям, методистам, педагогам организаций общего среднего и дополнительного образования детей.

*ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады  
(2015 ж. 21.05. №2 хаттама)*

*Рекомендовано к печати Учебно-методическим советом  
РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» МОН РК (протокол № 2 от 21 мая 2015 года)*

**© «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, 2015**

## Мазмұны

1.	Кіріспе	4
2.	Балаларға қосымша білім берудегі техникалық бағыт бойынша білім бағдарламаларын әзірлеудің инновациялық тәсілдері	7
3.	Қосымша білім берудің оқыту бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар	14
4.	Оқушылардың техникалық шығармашылығын дамытуды бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуге талаптар	20
5.	Қосымша	25
6.	«Заманауи электроника» қосымша білім берудің оқыту бағдарламасы	25
7.	«Робот техникасы негіздері» қосымша білім берудегі оқу бағдарламасы	34
8.	«Ғарыш - зымыран модельдері» қосымша білім берудегі оқу бағдарламасы	47
9.	«Балама энергетика және ресурсты үнемдеу технологиялары» қосымша білім берудегі оқу бағдарламалары	58
10.	Қорытынды	84
11.	Қолданылған әдебиет	90

## Содержание

1.	Введение	92
2.	Инновационные подходы к разработке образовательных программ дополнительного образования технического направления	94
3.	Требования к составлению образовательных учебных программ дополнительного образования	103
4.	Требования к разработке программно-методического обеспечения развития технического творчества школьников	108
5.	Приложение	114
6.	Образовательная учебная программа дополнительного образования «Современная электроника»	114
7.	Образовательная учебная программа дополнительного образования «Основы робототехники»	126
8.	Образовательная учебная программа дополнительного образования «Ракетно-космический моделизм»	138
9.	Образовательная учебная программа дополнительного образования «Альтернативная энергетика и ресурсосберегающие технологии»	146
10.	Заключение	174
11.	Использованная литература	181

## Кіріспе

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарын қабылдау білім беруді жаңғырту туралы Елбасы ұсынған жүйелік бастамаларды жүзеге асыру бойынша ең басты механизмдердің бірі болып табылады.

Елді дамытудың жаңа мәнмәтінің шарттарында функционалды сауаттылықты дамытуды қамтамасыз ету үшін балаларға қосымша білім беруге деген сұраныс арта түсті. Әрекеттердің түрлерін көбейту, жеке тұлғаның дарынды әрі жан-жақты болып қалыптасуына жағдай жасау, оқыту барысында жеке тұлғаға бағытталған әдісті жаңартып, жалпы орта және қосымша білім беру арқылы оқытудың нәтижелілігі мен шынайылығын қамтамасыз ету қажет.

Жалпы орта және қосымша білімді кіріктіре оқыту мектептегі өмірдің мазмұны мен формасын байытуға мүмкіндік береді. Осы бағытта республикада көп жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан орта мектеп пен қосымша білім беру ұйымдарының бай тәжірибесі бар. Олар бірігіп жұмыс жасау барысында жаңа ұрпақтың қажеттіліктерін қамтамасыз ететін жаңа оқыту құрылымдарын жасақтайды. Даму деңгейлері әртүрлі балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұйымдар мамандық бойынша бағыт беру қызметтерін де ұсынады.

Жалпы орта мектеп пен қосымша білім беру ұйымдарының дәстүрлі жұмыстарының бағыттары өзара әрекеттің мазмұнын байыту арқылы жаңартылуы мүмкін: бұл балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын қолдайтын кіріктірілген оқыту бағдарламаларын жасақтап, жүзеге асыру арқылы орындалады.

Жалпы орта білім беру жүйесінің әрбір деңгейіне арнап әрі баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес қамтылатын мақсаттар легін есепке ала отырып, қосымша білім беру жүйесі өзіндік мазмұн тақырыптарын ұсына алады:

- мектепке дейінгі оқыту кезегінде – мектепке алды дайындық;
- бастауыш білім беру кезеңінде – баланың өз позициясын меңгеруіне көмек беру: әртүрлі оқу қауымдастықтарына енуге көмек беру;
- негізгі орта білім алу кезеңінде – тұлғаның өзін-өзі тануына қолдау көрсету: әр түрлі салалардағы маңызды мәселелер аясында шешімдер табу;
- жалпы орта білім алу кезеңінде – оқушылардың кәсіби бағыт алу процесіне қолдау көрсету, кәсіпке бағыт алу үдерісін қамтамасыз ету.

Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығына қатысты оқыту бағдарламаларын әзірлеудегі кіріктірілген әдісті қамтамасыз ету

үшін мазмұнның пәнаралық және пәндерден тыс аралыққа шығуына мүмкіндік беретін, оқушылардың функционалды сауаттылығы мен бәсекелестікке қабілеттілігін (құқықтық, ақпараттық, экологиялық, этикалық, көркемдік, салауаттылық) және сәйкесінше дағдыларының болуын қамтамасыз ететін: зерттеушілік, жобалық, рефлексивті қабілеттерінің дамытылуын қадағалайтын оқу бағдарламаларын құру қажет. Мұндай нәтижелерге қол жеткізу үшін мақсаттарды, мазмұнды, ұйымдастыру формаларын, оқушылардың жетістіктерін бағалау түрлерін құндылық-мазмұндық жағынан сәйкестендіру қажет. Бұл мектеп пен қосымша білім беру ұйымдарының бірге келісілген және кейіннен сәйкесінше орындалатын әрекеттерінің болуын талап етеді.

Орта білім беретін мектептермен біріге отырып, қосымша білім беру ұйымдары әр өңірде бірдей әлеуметтік-мәдениеттік және оқыту кеңістігінде баланың білім алу жолын ерекшелейтін, әр түрлі деңгейлі әрі толыққанды білім беру жүйесін құрастыруы қажет. Бұдан қосымша білім беру ұйымының бағытталуы шығады:

- баланың шығармашылық белсенділігін қолдайтын, пайда болған мәселелерді өз бетімен шешу қабілеттерін дамытатын және тұрақты түрде білім алуға итермелейтін;

- білім берудің мазмұнын белсенді және әрекетті түрде қабылдау, оның мүмкіндіктерін әртүрлі жағдайларда қолдануды болжамдау;

- баланың өмірлік тәжірибесін жалпылау, оны тарихи түрде қалыптасқан құндылықтар жүйесімен салыстыру, әртүрлі жағдайлар, әрекеттер мен құбылыстарды өз бетімен саралауға мүмкіндіктер туғызу және сәйкесінше өз әрекетін сәйкес түрде жоспарлау;

- балалардың жеке дамуы нәтижесінде оқытудың әр алуан түрлерінің жалғастығын қамтамасыз ету;

- мамандыққа дейінгі оқыту бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін ұсыну, оқытуды жекелендіру; оқушылардың мамандықтар бойынша таңдау жасауын қамтамасыз ететін жағдаяттарды туындату.

Жаңа білім беру жағдайында орта білім беру мектептері қосымша білім беру ұйымдарын педагогикалық құралдарды гуманистік тұрғыда жаңарту орны ретінде сезінеді, ал тәжірибе жүзінде – аса кең мәдени фон мен жалпы орта білім беруді жаңарту қоры: шығармашылық дарындылықты дамыту мен тәрбиелеудің керемет мүмкіндіктері, баланың өз мүмкіндіктерін анықтап, оны қабылдауы мен дамытуы.

Республиканың қосымша білім беру жүйесі білімнің көптеген деңгейлерді қамтиды. Білім беру ұйымдарында балалар қызығушылықтары бойынша форумдарға қатысу үшін әлеуметтік желілерде балалардың ғылыми мектептерін құру бойынша жобаларды қолға алу керек (өнертапқыштар мен техниктер үшін).

Өнертапқыштық аса терең моральдық қанағаттану сезімін туындатуы мүмкін, бұл сезім бұрын орындалуы мүмкін емес әрекетке

қол жетіп, жаңа нәтижелер пайда болған кезде туындайды. Аталмыш шығармашылық жұмыс көптеген интеллектуалдық және эмоционалдық күштің жұмсалуды және көп нәрсені қолмен жасауды, мәселен, түрлі үлгілер мен көшірмелерді құрастырып, оларды сынау, эксперименттер жасауды талап етеді.

Техникалық шығармашылық орталықтары алдыңғы лекті жобаларды құрастыру арқылы балалардың өз қиялдарынан қолдан құрастырып және ойлап табуы үшін алға қарай үнемі жылжып отыруы қажет, робототехника мен лево құрастыру секілді жаңашыл үйірмелерді ашу қажет.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың, жетім балалардың, ата-аналарынан айрылған немесе өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың қосымша білім алу мүмкіндіктерін қарастырған жөн. Оқу бағдарламасының вариативтілігі, оны жүзеге асыру формалары қала мен ауылдағы білім беру арасындағы айырмашылықты төмендетуге мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру ұйымының балаларды дамыту бойынша негізгі бағыттары:

- ізденім, зерттеушілік немесе жобалық секілді оқу технологияларын белсенді түрде үйрену;

- әрекеттің алуан түрлерін қолдану, мектептер, қозғалыс, мейрамдар, ойындар, көңіл көтеру бағдарламалары, лагерьлер, ғылыми қоғамдар, олимпиадалар.

Әрекеттердің алуан түрлерін ұсына отырып, өзінің потенциалды тұтынушыларының сұраныстарына тез арада жауап беру арқылы қосымша білім беру жүйесі өзінің міндетін орындап, қызықты және ата-аналар мен балалардың сұранысына ие бола алады.

## **Балаларға қосымша білім берудегі техникалық бағыт бойынша білім бағдарламаларын әзірлеудің инновациялық тәсілдері**

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің жоғары деңгейдегі вариативтілігінің болуына орай, әрбір бала өз талап тілектеріне сәйкес келетін оқыту бағытын таңдап алып, оны меңгеру жылдамдығы мен көлемін де таңдай алады. Осылайша өз тілектерімен оқыту үдерісіне кірігу арқылы бала мен оның ата-анасы мұғалімнің қолына өздерінде бар ең құнды ресурсты – бос уақытын ұсына отырып, осынау әрекет дамып келе жатқан тұлғаның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға барынша септігін тигізеді деп сенеді.

Жоғарыда айтылғаннан қосымша білім беру жүйесінің келесі бағыттары шығады:

- адам өмірінің табиғи құрамдас бөлігі ретінде көрінетін, оның өмір жолын кеңейту мен армандарын орындауда әлеуметтік құбылыс ретінде көрінетін оқыту процесінің жылдамдығы;

- баланың шығармашылық белсенділігін арттыру, оның пайда болатын қиындықтарды өз бетімен жеңіп, үнемі білім алып отыруға итермелейтін қабілеттерін дамыту;

- білім берудің мазмұнын белсенді және әрекетті түрде ұғыну, оның мүмкіндіктерін әртүрлі жағдайларда пайдалануды болжамдау;

баланың өмірлік тәжірибесін жалпылау, оны тарихи түрде қалыптасқан құндылықтар жүйесімен салыстыру, әртүрлі жағдайлар, әрекеттер мен құбылыстарды өз бетімен саралауға мүмкіндіктер туғызу және сәйкесінше өз әрекетін сәйкес түрде жоспарлау;

- алуан түрлі жаңа ғылыми білімді қабылдау және жас зерттеушілердің кіші топтарындағы мамандырылған тілдерді меңгеру;

- балалардың тұлғалық дамуын және олардың өмірлік әрекеттерінің барлық алуан түрлілігін есепке ала отырып, оқытудың алуан түрлерінің мазмұнын жаңарту.

Аталған алғышарттарға қол жеткізу бағдарламалық камсыздандырудың жеткілікті деңгейде болмауына қарай қиын болып тұр. Оқыту салаларының бірқатар легінде балалардың өз мүмкіндіктерін танып, кәсіби тұрғыда таңдау жасауы үшін қажетті әр түрлі деңгейдегі бағдарламалар жетіспейді.

Бағдарламалардың айтарлықтай бөлігі қайталап жасау әрекетіне бағытталған және балалардың тиімді шешімдерді өз бетімен іздеуіне мүмкіндік бермейді. Бағдарламалар өзара байланысқа түспейді, балалардың жынысы, физикалық және зияткерлік дайындығы мен оның өмір шарттарына сәйкес дифференциацияланбаған.

Осыдан келіп, жаңа лекті бағдарламаларды жасау қажеттілігі келіп шығады – мектептер мен мектептерден тыс білім беру

ұйымдарындағы үйірмелерге арналып жасалған бағдарламалардан айтарлықтай түрде ерекшеленетін қосымша білім беру бағдарламалары қажет. Қосымша білім беруге деген мемлекеттік талаптар оқыту бағдарламаларын балалардың танымдық білімін дамытуға бағыттайтын, оқу үдерісі барысында қарым-қатынасқа итермелейтін: жалпыхалықтық құндылықтар мен жеке мәдениетті қалыптастыруда өз құрдастары мен ересектермен біріккен әрекет құруға септігін тигізеді.

Бүгінде адамдардың білімділігі арнайы (пәндік) білімдерімен ғана емес, оның тұлға ретінде жан-жақты дамуын, отандық және әлемдік мәдениет пен дәстүрлерді жіті білетін, қоғамда белсенді әлеуметтік бейімделуіне қабілетті, өзіндік өмірлік таңдау жасай алатын, жеке білім алу мен өзін жетілдіруге қабілеттілігімен есептеледі.

Сондықтан оқыту үдерісі баланың жан-жақты дамуына бағытталуы тиіс, оның шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашып, тұлғаның бастамашыл, әрекетшіл, қиялы дамыған, яғни адамның жеке басына қатысты барлық қасиеттері дамыған тұлға болып өсуіне бағыттау керек.

Қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұндық негізін жаңарту баланың шығармашыл тұлғасын дамыту мәселелерін шешуге септігін тигізетін бағдарламаларды тәжірибе жүзінде анықтауды талап етеді.

Қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұндарын таңдау ісіндегі өзгеріс олардың бағыттау әдістерін өзгертуді қажет етеді. Тәжірибеге сүйенетін болсақ, қосымша білім бағдарламасының мазмұнын әдетте мұғалімнің өзі жасайды. Бағдарламаға жасөспірімнің жеке басына маңызды мәселелердің енгізілуі бағдарламаны оқыту әдіснамасының өзгертілуін қажет етеді, оның ішінде: жасөспірімді жоспарлау процесінің өзіне қосу. Бағдарламаны бірігіп жасау мұғалім мен жасөспірімнің қатынасының өзгеруін талап етеді. Бұл үдерістің құрамына бағдарламаға енгізілетін мәселелерді анықтау, біріккен жобалық әрекеттің қатысушыларының құндылықтарды анықтауы, біріккен жоспарлау мен мәселені шешу жолдарын іздеу, нәтижелерді сараптау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мәселені бірігіп анықтау үшін оқу үдерісінің барлық қатысушыларының диалогтық әрекеттесуін, ал жасөспірімдердің жеке басына маңызды мәселелерге негізделген бағдарламаны жүзеге асыру үшін біріккен жобалық әрекетті орындау қажет.

Балаларға қосымша білім берудегі оқу бағдарламаларының мазмұндық негізінің теориялық аспектілері:

- қосымша білім берудің оқу бағдарламаларының мазмұндық негізі жасөспірімдердің әлеуметтік маңызы бар мәселелерімен анықталады, оларды балаларға қосымша білім берудің нақты бір бағыты бойынша әрекеттің негіздерін оқу барысында шешіледі;



- жасөспірімдердің жеке басына маңызды мәселелерді таңдап алу дегеніміз:

а) аталмыш мәселелерді баланы түсінудің гуманитарлық тәсілдері мен алынған мәліметтерді анықтаудың педагогикалық құралдарын пайдалану жолымен анықтауға болады,

б) бағдарламаға енгізілетін жеке тұлғаға маңызды мәселелерді енгізу үшін оқу үдерісінің барлық қатысушыларының диалогтық қатынасын пайдалану,

- балалардың қосымша білім берудегі оқу бағдарламаларын жасау ерекшелігі жасөспірімдердің әлеуметтік маңызы бар мәселелерінен құрастырылған және өзіндік құндылықтарды анықтау деңгейінен мәселені шешу бойынша нәтижелерді алуға дейінгі аралықта мұғалім мен оқушылардың біріккен әрекеті ретінде көрінеді.

Білім беру технологиясына жаңа білімдерді танымдық (жаңа білімдер алынатын кезде) және шығармашылық (жаңа білімдер жасалатын кезде) әрекеттерді енгізу арқылы өндіруді қосу қажет. ***Техникалық бағыттағы оқу бағдарламаларын жасау үшін жаңашыл бағыттарды қолданудың мәні осында жатыр.***

Біздің елде өткен ғасырдың 40-шы жылдарының аяғында атақты ғалым, өнертапқыш, жазушы-фантаст Генрих Саулович Альтшуллердің (Альтов) бастамасымен пайда болған *өнертапқыш есептерін шығару теориясы* (ӨЕШТ (*ТРИЗ - орыс тіл.*)) дегеніміз, әдепкі идеялардан тыс идеяны табу, шығармашылық және мықты ойлауды дамыту, шығармашыл тұлға мен топтарды құру, шығармашылықты оқытудың маңызын көрсететін ерекше құрал болып табылады. Алдыңғы қатарлы білім берудің үлгісі: ЗУН+ПТ=нЗУН. Мұнда ЗУН – белгілі білім, қабілет пен дағдылардың жинағы, П – танымдық әрекет, Т – шығармашыл іс-әрекет, нЗУН – жаңа білім, қабілеттер мен дағдылар. ӨЕШТ аясында білім беру –білім берудің ең жаңашыл үлгілерінің бірі болып табылады.

Ол балалардың ғылыми–техникалық шығармашылығының заманауи технологияларының ең тиімдісінің бірі болып есептеледі және оны жаңашыл деп атауға әбден болады. ӨЕШТ негізінде техникалық жүйелерді дамытудың объективті заңдылығы жатыр. Бұл заңдар патентті ақпараттың аса үлкен көлемін сараптаудан өткізу нәтижесінде анықталған. ӨЕШТ тапсырмаларды шешу үдерісі барысында алуан түрлі қиындықтарды жеңе білген зерттеушілердің көп ғасырлық еңбегінің нәтижесі ретінде санауға болады.

ӨЕШТ – жаңаны жасау үшін заңдарды біліп, пайдалануға болады. Өзге жүйелер секілді ӨЕШТ да дами береді. Бүгінде ӨЕШТ бұл - өзара байланысты үш бағыттан құралған кешен ӨЕШТ - ШҚД - ШТДТ:

- ӨЕШТ – классикалық, ӨЕШТ көмегімен шығармашылық мәселелерді анықтап, оны шеше алу қабілеттерін құрамдауға бағытталған;

- ШҚД – шығармашыл қиялдың дамытылуы – жаңа бейнелерді жасау мақсатында қиялды басқаруға арналған;

- ШТДТ – шығармашыл тұлғаны дамыту теориясы – адамның бойында сәйкес белсенді шығармашыл позицияның қалыпастып, сәйкес мақсаттың қойылып, оған жету жолдарын жасамдау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Үйірме үлгілерінің бағдарламалары мектептерге кіріктірілмейді.

ӨЕШТ – шығармашыл ойлауды дамыту әдістемесі – балаларға қосымша білім беру ұйымдарында пайдаланылуы мүмкін. Бұл көптеген міндеттерге қол жеткізеді:

1. ӨЕШТ балаларға қосымша білім беру ұйымдарына заманауи ғылыми –техникалық рефолюция сезімін енгізіп, осы революцияның ең маңызды компонентін – шығармашылықтың жаңа технологиясын енгізуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл өнеркәсіп пен өмірдің алуан түрлі салаларында шығармашыл тапсырмаларды шешуде ұйымдасқан диалектикалық ойлаудың қабілеттерін үйренуге мүмкіндік береді.

2. ӨЕШТ білімдерді жаңартады –көп ретте пассивті - физика, химия және математика бойынша білімдерді жаңартады. Әдебиет сабақтарында әдеби тапсырмалармен жұмыс жасауға: ертегілер мен әңгімелердің сюжеттерін құрастыруға мүмкіндік береді.

3. ӨЕШТ оқушыларды өмір мәнері туралы ойлануға, шығармашыл режимге шығу туралы, мақсаттарды таңдау мен оларға қол жеткізу үшін жоспар құруға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру бағдарламаларының оқу бағдарламасына жаңа пәнді енгізу учебные программы дополнительного образования нового предмета – көп уақыт пен күшті қажет етеді. Бірақ аталмыш әрекет аса маңызды әрекет болып саналады. Болашақ ғалымдар мен инженерлер, зерттеушілер мен рационализаторлар балалық шағынан бастап шығармашылықпен ойлаудың негізгі операцияларына үйренулері қажет - ***жүйелерді жоспарлы сараптау, қарсылықтарды табу, шынайы ақырғы нәтижені табу және т.б.***

Ғылыми-техникалық революциялар ғасырында қосымша білім беру бағдарламасының оқу бағдарламалары осы революцияны есепке алатын негізгі пәнді – жаңаша ойлау, шығармашыл тапсырмаларды шешудің жаңа технологияларын ұсына алады.

Қиял мен фантазия – кез келген шығармашылықтың бастауы, осы қабілеттерді бастаудан ӨЕШТ ересектер мен балалардың үйренуінен басталады. ӨЕШТ былайша оқытады: «Пайдаға ұластырмайтын зиян түрі болмайды, ал пайданың кез келген түрінде кішкене болса да зияндық бар».

Қиял мен фантазия қиын тапсырмаларды шешуден қалайша ерекшеленеді?

Қиялдау кезінде бала сюжетті, әрекетті, оқиғаның шешімін, жағдаяттарды ойдан құрастыра береді, ал шынайы тапсырманы шешкен кезде оқушы өз қиялына ерік бермей, нақты, логикалық негіздемесі бар ғылыми шешімді табуы қажет.

«Қиялсыз ойлау жоқ» деген жақсы мәтел бар. Эйнштейн қиялдай білу қабілеті көп білгеннен әлдеқайда жоғары деп есептеген, өйткені қиялсыз жаңалықтар ашу мүмкін емес.

Ересектер ӨЕШТ-ні шығармашыл қиялды дамытуға қарағанда тезірек үйренетіндігін тәжірибе көрсетеді. Өйткені ӨЕШТ – нақты ғылымдар, заңдар, ережелер, алгоритмдер мен тәсілдер т.б., ал ҚДҚ – әдепкі ойдан тыс идеялар сынға ұшырайды деген қорқыныш пен шешімдердің еріктілігі алдындағы тосырқау, қиялды жүздіру үшін қажетті аумақтың болмауы. Ал балалар керісінше қиялдаған кезінде ешқандай шектеуге бағынбайды, керісінше заңдар бойынша жұмыс жасау үлкен қиындықтарға әкеледі.

Сонымен қоғамның күйі мен зияткерлік Әлеуеті, оның моральді саулығы мен жан саулығының қайта орнауы балалардың қосымша білім беру жүйесімен тікелей байланысты, ол өз кезегінде қабілеттердің, ұмтылыстар мен қызығушылықтардың дамуы, құндылықтар жүйесінің қалыптасуы, балалардың өмірлік жолдарын таңдап алуы және кәсіби салада таңдау жасауы үшін жағдайлар туындатады. Өзіндік тұлғасының даму жолын таңдап алу мүмкіндігі қосымша білім беру жүйесін өзіндік тип, білім беруде өзіндік құны бар жүйе ретінде, тұлғаға бағытталған әрекеттерді орындау саласында өзіндік жолы бар жүйе ретінде тануға итермелейді. Қосымша білім беру жүйесінің тұтынушылар тарапынан сұранысқа ие болуы да осымен түсіндіруге болады: балалар, мұғалімдер, ата-аналар. Еліміздің әр аймақтарындағы қосымша білім беру жүйелерінің даму көрсеткіштері де осыны меңзейді: жүйеде жұмыс атқаратын балалардың өте үлкен көлемі, орындалып жатқан бағдарламалардың айтарлықтай көлемі, білім беру ұйымдарының саны.

Оқу мекемесінің өз мүмкіндіктеріне қарай қызметтерін ұсынудағы тәжірибеде бар бағыт (тексеруден өткен оқу бағдарламалары, реттелген әдістемелік тәжірибе, біліктілігі жоғары мамандар), шынайы қажеттіліктер мен қызығушылықтар бір жағынан, аталмыш қызметтерді тұтынушы - балалар мен ата-аналар, ал екінші жағынан, мемлекет пен қоғамның арасындағы қарама-қайшылықтар шешуі қиын мәселелерді туындатып отыр.

Ең алдымен бұл алуан түрлі бағыттағы оқу бағдарламаларын дамытуда пайда болған сәйкессіздік, қосымша білім беру ұйымын

дамытудың алдыңғы лекті бағыттарын анықтаудағы қиындыққа келіп тіреледі.

Осыған байланысты қосымша білім беру ұйымының нақты қоғамдық байланыстар мен қатынастар аймағындағы әсерін шынайы ету үшін жаңа оқу бағдарламаларын жасамдап, жаңа әрекеттер мен білімдер аймағын ұсыну, потенциалды тұтынушылардың сұранысына сәйкес келетін, жеке адамның тұлғалық қасиеттерін дамытатын білім беру бағыттарын жасау, сонымен бір мезетте өзіндік гуманистік стратегияның мәнмәтінін де есепке алу қажет.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының әрекеттерінің мазмұны теориялар, идеялар мен концепциялар негізінде анықталады, аталмыш ұғымдарға сәйкес, кез келген адамның бойында салауатты және шығармашыл өсудің потенциалы бар, осы әлеуетті дамыту жолындағы барлық сәтсіздіктерді жеңуге болады, бұл егер адам өз басына өз өміріне деген жауапкершілікті толық артып алса ғана жүзеге асады.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы оқыту үдерісі балаларға функционалды сауаттылықты игеруге мүмкіндік беретін бағдарламалармен жабдықталуы тиіс. Әрбір балаға оқыту аймағынан таңдау жасауға, бағдарламаның бағытын, оны үйрену мерзімін, әр алуан қызығушылықтарды қанағаттандыратын әрекеттердің түрлерін таңдауға ерік берілуі тиіс. Оқыту үдерісінің жеке тұлғаны дамытуға бағытталған күйі, кәсіби бағыттау, барлық шаралардың әлеуметтік мәдени бағытталуы – балаларға қосымша білім беру ұйымдарының ерекшеліктеріне жатады.

Жаңа жағдайлар шарттамасында мектептерде түлектерді оқыту үдерісі «өмір бойы оқу» тұжырымдамасын жүзеге асыратын қабілеттерді дамытуға бағытталуы тиіс. Бәсекелестікті дамытудың алғышарты болып функционалды сауаттылықтың белгілі бір деңгейінің болуын талап етеді, яғни «әр түрлі өмір салаларында стандартты өмір мәселелерін шешу қабілеті мен қолданбалы білімдер негізінде әрекеттерді қалыптастыру».

Бұл нәтижеге қол жеткізу үшін келесі нақты шешімдерді шешу қажет.

1. Оқыту технологиясын өзгерту, «оқыту үдерісі адамның өзін өзі оқытуын басқаруға бағытталуы тиіс, жеке тұлғаның бойында өмірлік мақсаттарына қол жеткізу үшін өзін өзі оқыту арқылы құрылымдау».

2. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту мен негізгі бәсекелестік қабілеттеріне қол жеткізуге бағытталған оқыту бағдарламаларын таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

3. Қосымша білім беру ұйымдарының түлектеріне, олардың практикалық жағдаяттарда тиімді шешімдер қабылдауы мен тез

өзгеретін әлемде әлеуметтік бейімделуден өтуіне көмектесетін қабілеттер мен білімдер беру.

4. Қосымша білім берудің құндылыққа бағытталған әлеуметтік–гуманитарлық сипатын қамтамасыз етіп, оның әлеуметтік және мәдени мәнмәтінін кеңейту мен нақтылауды қамсыздандыру қажет.

Балаларға қосымша білім беру ұйымы мазмұнын жаңартудың басты мақсаты қосымша білім беру ұйымдары әрекеттерінің жаңа білім беру деңгейіне көтерілуі болып табылады.

Қосымша білім беру мазмұнын жаңарту үдерісінің жалпы бағыты келесі мақсаттармен анықталады:

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мазмұнын қоғамдық өмір мен экономиканың өзгерген шарттарына сәйкестендіру;

- заманауи функционалды сауаттылық пен жалпы білімділік ұғымдарының жаңа анықтамасы;

- балаларға қосымша білім беру мазмұнының ажырамас және аса маңызды компоненті ретінде оқыту технологияларын жаңарту.

- оқытудың мазмұнын тұрақты жаңарту механизмін жасау.

Сондықтан қосымша білім беру ұйымы балалардың өзекті қажеттіліктерін қанағаттандырып, олардың жақын болашақта сәттілікке жетуіне септігін тигізетін өзіндік бағдарламалар мен технологияларды жасамдап, балалар мен жасөспірімдерге ұсынған жағдайда ғана сұранысқа ие болады. Қосымша білім берудің әр алуан бағыттары бойынша мұғалімдер тарапынан жүзеге асатын оқу бағдарламалары заманауи тәжірибе, дәстүрлер, оқу және тәрбие үдерістерінің көпшектілігі мен кіріктірілуі жағдайында, мемлекеттік, қоғамдық және отбасылық тәрбие беруді қамтамасыз етуге бағытталған болуы тиіс.

Аталмыш сатыда білім жүйесін дамытудың негізгі үрдісі болып қосымша білім беру мазмұнын жаңарту болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру мазмұны баланың рекреативті-салауатты дамуын, жаңа әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыру мен құру, психологиялық-педагогикалық көмек пен балаларды жеке тәртіпте дамытуға бағытталады. Қосымша білім беру ұйымдарында білім беру стандарттарының болмауы секілді нақты фактор қосымша білім беру ұйымына балалар бірлестіктері әрекеттерінің шығармашылығы, тәрбие үдерісінің дифференциациясы (әрдеңгейлілік, мамандандырылу, балаларды ортақ қызығушылықтары негізінде ұйымдастыру мүмкіндігі), жекелеу (уақытты, жылдамдық пен кеңістікті ұйымдастыруды реттеу); өзін өзі тану үдерістерін қарау, баланың өз армандарын жүзеге асыруы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы тұлғааралық қатынастарды құрастыру қабілеттерінің болмауына әкеліп соғады.

Балаларға қосымша білім беру мазмұнын жаңарту жаңа білімдер аймақтарын енгізу, әр деңгейлі, кешенді, дифференциацияланған

оқытуды жүзеге асыру, балалар шығармашылығын дамыту мен қолдау көрсету, әлеуметтік педагогикалық және тәрбие әрекеттерін дамытуға септігін тигізеді. Балалардың ғылыми шығармашылығын дамыту мүмкіндігі ғана емес, қажеттілігі де, оларды еңбек нарығында орналастыру, салауаттандыру және өзге де қосымша білім беру бағдарламаларын жасау қажеттілігі туындады.

Берілген кезеңдегі қосымша білім беру мазмұнын жаңарту процесі бірқатар мәселелерді ерекше айқындады. Бұл ең алдымен, қосымша білім берудің мазмұнын таңдауға деген негіздемелер, принциптер, талаптарды анықтау. Белгілі бір сала бойынша мазмұнды қандай негіздемелерге сәйкес таңдау қажет? Неге балалар берілген тақырыптарды, берілген мерзімде және берілген логикада оқуы тиіс? Пәннің мазмұнын осылайша құрастырудың маңызы неде, оны бұдан да тиімдірек ұйымдастыруға бола ма? Бұл балаға не береді?

Сыныптағы сабақтар мен үйірме жұмысына балама болатын оқытудың жаңа нысандарын жасау қажет, жаңа оқыту технологиялары балалардың қызығушылықтары мен жеке тұлға ерекшеліктеріне қарай жасақталуы тиіс, сонымен бір мезетте оқу бағдарламалары оқушылардың зерттеушілік және жобалық әрекеттерін де қамтуы шарт. Оқушылардың кәсіби мамандандырылу жүйесін, әртүрлі категориялардағы балалармен жұмыс жасауды, оның ішінде отбасы жағдайы төмен балалармен жұмысты ұйымдастыру қажет.

Сонымен, қосымша білім берудің мазмұнын жаңарту мәселесі алдыңғы лекті маңызы бар мәселе болып табылады. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту бойынша әрекеттердің 2012-2016 жылға жасақталған Ұлттық жоспарында анықталған қосымша білім беру мазмұнын жаңғырту үшін әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық зерттеулер жүргізу қажет. Қосымша білім берудің мазмұны балалардың құндылық, моральдық, өзін өзі ұстау нормалары, қоғамда сәтті әлеуметтену қабілеті және еңбек нарығында белсенді бейімделуге бағыттайды.

### **Қосымша білім берудің оқыту бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар**

Жаңа жағдайлар шарттамасында мектептерде түлектерді оқыту үдерісі «өмір бойы оқу» тұжырымдамасын жүзеге асыратын қабілеттерді дамытуға бағытталуы тиіс. Бәсекелестікті дамытудың алғышарты болып функционалды сауаттылықтың белгілі бір деңгейінің болуын талап етеді, яғни «әр түрлі өмір салаларында стандартты өмір мәселелерін шешу қабілеті мен қолданбалы білімдер негізінде әрекеттерді қалыптастыру».

Қосымша білім беру ұйымы мұғалімінің мақсаты балаға сәйкес келетін, жасөспірімге өз дарындылығын танытуға мүмкіндік беретін, өзіндік дауысын танытатын жағдайлар жасау.

Қосымша білім беру мазмұнын үйренуде мұғалімнің оқушыға сәйкес қолдау көрсетуі үшін оқу бағдарламасын әзірлеу қажет.

Арнайы білім беру түріндегі қосымша оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін бағдарламаларды әзірлеу тәсілдерін өзгерту қажет. Мұндай бағдарламаларды әзірлеудің негізінде мұғалім мен баланың біріккен жұмысы, мәселені таңдау және бағдарламаның мазмұнын жасап шығу жатыр.

Қосымша білім беру бағдарламасын жасамдау барысы күрделі әрі бір мәнді емес. Бағдарламаны сәтті әзірлеу үшін педагог аталмыш бағдарламада білімдерді, қабілеттер мен дағдыларды меңгеруге емес, ең алдымен, балалардың салауатты өмір салтын ұстануына назар аудару қажет. Мұндай бағдарламаны педагогтің жалғыз өзі емес, тәрбиеленушілермен бірігіп отырып жасау қажет. Педагог балалардың дамуының алуан түрлілігін, сол секілді баланың жеке дамуына педагогикалық қолдау көрсету керек екендігін есепке алуы қажет.

Қосымша білім беру ұйымының педагогіне қосымша білім беру бағдарламаларын жасау мен жүзеге асыру, балалар мен жасөспірімдердің өзіндік мәселелерін анықтайтын мазмұнды жасайтындай қажетті деңгейде даярлық қажет.

«Қосымша білім беру ұйымдарында оқушылардың жеке тұлғалық қызығушылықтарын, мемлекеттің және қоғамның білім беру және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қамтамасыз етуге қабілетті қосымша білім берудегі оқу бағдарламалары жүзеге асырылады» *(Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін типтік ережелерді бекіту туралы» 2013 жылғы 20 мамырдағы № 499 қаулысы).*

«Оқу бағдарламасы» баршаға белгілі ұғым, алайда оның мазмұндық толтырылымы үнемі жаңартылып отырады.

Бағдарламада ұйымның құрылымы, сәйкестілік, жүзеге асыру, оқу үдерісінің білім берудің мақсаттары және мазмұнына сәйкес ақпараттық, технологиялық және ресурстық тұстары ашылады. Жаңа лектік бағдарламалардың мазмұндық негізі болып балалар мен жасөспірімдердің жеке тұлғалық мәселелері саналады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес «оқу бағдарламасы оқытудың мазмұнын анықтайды».

**Типтік оқу бағдарламасы** қосымша білім беру салаларының мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін, тақырыптарын, оқу пәндерін, сәйкес бағыттағы, деңгей мен мерзімдегі оқу бағдарламаларын реттейтін нормативтік құқықтық акт болып табылады. Қосымша білім берудің типтік оқу бағдарламасында оқу-тақырыптық жоспар, білім

саласын оқуға есептелген уақыт, тақырыптар, сабақтар түрлері, сабақтарды оқыту мен тәрбие берудің нысандары және әдістері көрсетіледі.

Жас техниктер мен балалардың техникалық шығармашылық орталықтарының оқу бағдарламалары балаларға қосымша білім беру ұйымдары әзірлеп, білім саласындағы жергілікті басқарушы орган бекітеді.

Бір тақырыптық бағыттағы оқу бағдарламалары, кешенді, кіріктірілген бағдарламалар, қызығушылықтар бойынша біріктірілген бағдарламалар қосымша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру ұйымының жетекшісі тарапынан бекітіледі.

Қосымша білім берудің оқу бағдарламалары олардың қабілеттіліктерін көрсетуге мүмкіндік беретін, қоғамдағы өмірге көндіруге қолдау көрсететін, азаматтық сананың қалыптасуына түрткі болатын, жалпы мәдениет, салауатты өмір салты мен бос уақытты тиімді өткізуді ұйымдастыруды қарастырады.

«Білім туралы» заңның 23-бабына сәйкес, қосымша білім берудің оқу бағдарламалары оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқу және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған.

Жаңа лектегі қосымша білім берудің оқу бағдарламалары әр түрлі деңгейдегі күрделілікте болып, мұғалімге балалардың алуан түрлі топтарымен не жекелеген оқушымен жұмыс жүргізу кезінде тиісті жұмыс түрін таңдап алуға мүмкіндік беруі тиіс.

Олар ашық типті болуы тиіс, яғни кеңейтілуге, не нақты педагогикалық шарттарға сәйкес өзгертілуі мүмкін, мазмұндылығымен, вариативтілігімен, пайдалану икемділігімен ерекшеленуі тиіс.

Солардың негізінде әлеуметтік–мәдени ерекшеліктерді қамтитын, нақты ұйымдастырудың дәстүрлері мен шарттарына, оқушылардың, олардың ата-аналары мен мұғалімдерінің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына жауап беретін жұмысты ұйымдастыруға болады.

Бағдарламада келесі қағидаттар орындалуы шарт:

- өзектілік (ерекше қиын мәселелерді шешуге бағыттау);
- болжамдылық (ертеңгі күннің талаптарына және өзгеріп жатқан шарттарға сәйкестігі);
- ұтымды (максималды пайдалы нәтижеге қол жеткізу үшін мақсаттар мен оларға қол жеткізу тәсілдерін анықтау);
- шынайылық (нақты қаржылық, кадрлық, уақыттық негіздемелердің болуы);
- соңғы нәтижелерді бағалау (белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін алынатын нәтижелерді тексеру тәсілдері).

Оқу бағдарламаларының мазмұны арқылы келесі міндеттерге қол жеткізіледі:



1) негізгі білім берудегі балаларды қызықтыратын қандай да бір сала бойынша білімді толығырақ беру. Бағдарламаларда келесі мақсаттар қамтылуы қажет:

- балалардың қажеттіліктері мен оқу сұраныстарының дамуы негізінде білім мен шығармашылыққа деген қызығушылығының өсуі;

- баланың тұлғалық қасиеттерінің, жеке мәдениетінің, коммуникативті қабілеттерінің, дарындылығының дамытылуы;

- балалардың психофизикалық және ақылдылық дамуын дұрыстау;

- балалар мен жасөспірімдердің асоциалды әрекетінің алдын алу.

2) балаға қолайлы эмоциялы ортаны – «жеңіске жету ситуациясы» мен дамытатын әңгімелесуді ұйымдастыру.

3) жеке білім беру маршрутын таңдауда көмек көрсету (білім беру салалары бойынша қозғалу траекториясы) және оған қол жеткізу жылдамдығы.

Бағдарламаларда білім берудің гуманистік және зияткерлік сипаты, жалпыадамзаттық құндылықтарды алдыңғы лекке қою, баланың өмірі мен денсаулығы, жеке тұлғаның ерікті дамуы қамтылуы керек.

Бағдарламалардың мазмұнында қамтылуы тиіс:

- жалпыәлемдік мәдениет пен қазақстандық мәдени дәстүрлердің нәтижелеріне негізделіп, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасу міндеттеріне жауап беретін, өңірдің мәдени-ұлттық ерекшеліктерін есепке алу;

- балалардың даму деңгейін есепке алу;

- оқу үдерісін ұйымдастыру шарттарын, сол секілді оқыту үдерісінің материалдық-техникалық, ақпараттық, әдістемелік қамсыздандыру шарттарын ашу.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының үлгілеріне (тәсілдері) байланысты қосымша білім беру бағдарламаларының алуан түрлері қолданылады.

*Модификацияланған (немесе өзгертілген) бағдарлама* – ұйымдардың ерекшеліктері мен балалар топтарының құрылуына, әрекеттерді орындаудың уақыттық параметрлері, оқыту мен тәрбиелеудің жекелеген нәтижелерінің болуына қарай өзгертілген.

*Эксперименталды бағдарлама* – аталмыш бағдарламаның мақсатына оқытудың мазмұнын, ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері мен оқытудың тәсілдерін өзгерту, білімнің жаңа облыстарын ұсыну, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу жатады.

*Авторлық бағдарлама* толықтай мұғаліммен не мұғалімдер тобымен жасақталған, оның мазмұны – жаңалығымен және өзектілігімен ерекшеленетін білім берудегі мәселелерді шешуге ұсынылатын құралдардың жинағы.

Авторлық бағдарламалардың негізгі мақсаты балалардың үнемі өзгеріп отыратын сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың шығармашылық дамуы мен мәдени құндылықтарға тартылуы мүмкіндіктерін жасақтайды. Бағдарлама мәтініндегі мақсаттарды айқындау міндеттерді анықтау арқылы орындалады – олар мақсаттарды орындау жолдары деп аталады. Қолданыста бар тәжірибеге сүйене отырып, балалардың қосымша білім беру бағдарламалары «жалпы кәсіби» типі бойынша бөлінеді.

1. Қосымша білім берудің жалпылай дамытатын бағдарламалары баланың жалпы мәдениетін қалыптастыруға, оның әлем және өзі туралы білімін кеңейтуіне, әлеуметтік тәжірибесінің жинақталуына бағытталған. Бұл бағдарламалар баланың танымдық қызығушылығын қанағаттандыруға, сәйкес салалардың бірі бойынша ақпарат алуын қамтамасыз ету, бағдарламаны игеру барысында қарым-қатынас және өзара әрекет дағдыларын қалыптастыруына түрткі болады.

2. Арнайы бағдарламалар балалардың дарындылығын анықтау мен бағыттау, таңдалған әрекет түрі бойынша білімдері мен қабілеттерін көбейтуі үшін бағытталған. Бұл бағдарламалар жекелеген сала бойынша біліктіліктің дамытылуы, қабілеттердің тәжірибелік қолданылу деңгейінде қалыптасуына бағытталған.

3. Кәсіби бағытталған бағдарламалар, балаларға қандай да бір кәсіби әрекет түрімен танысып, өзінің жеке қабілеттерін ашуына, мамандығын таңдап алуға, кәсіби білімдері мен шеберліктерін шыңдауына мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар қандай да бір пәндік не тәжірибелік аймақта жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуін, мәселелерді көре білу қабілетін, тапсырмаларды құрастыру, оларды шешу жолдарын қарастырады.

Оқу бағдарламалары қосымша білім беру жүйесінде ұйымдастыру мен басқару негіздерін құрамдайды. Олар балалардың белсенділігінің қабылданған бағыттарына сәйкес құрамдалады. Бұлардың соңғылары азаматтардың алуан түрлі категорияларының, әлеуметтік және билік құрылымдарының, бизнес және кәсіптік мектептердің сұраныстарының зерттеу нысаны болып табылады. Қосымша білім беру жүйесіндегі даярлықтар бағыттарының өзекті тізімін құрамдау оны басқарудың маңызды бөлігі болып табылады. Мұндай тізімді оқушылардың жеке оқу траекторияларының өзгеруіне сәйкес үнемі қайта қарап, түзетіп отыру қажет.

Оқу бағдарламасы – әрекеттің жоспарланған мақсаттарына жетуге бағытталған жағдайлар, тәсілдер мен технологиялар, сонымен бірге болжамдалатын нәтижені көрсететін құжат; аталмыш құжат ұйымның құрылымын, оны орындау тәртібін, оқу процесін нақтыланған мақсаттар мен білім беру мазмұнына сәйкес ақпараттық, технологиялық және ресурстық қамсыздандырылуын ашып көрсетеді.

Оқу бағдарламасы балаларға қосымша білім беретін білім беру ұйымы тарапынан жасақталады. Аталмыш үдерісті ұйымдастыру қағидаттары, бағдарламаларды енгізу тәртіптері мен оларды оқу үдерісінен шығарып тастау әрекеттерінің барлығы тиісті басқару органының нормативтік құжаттары арқылы реттеліп отыруы тиіс.

Оқу бағдарламалары орындаудың желілік мүмкіндігінің болуын қарастыруы қажет – берілген бағдарламаны орындау үшін өзге бағдарламалардың ресурстарын пайдалану.

Міндетті элемент ретінде оқу бағдарламаларында жоспарланатын нәтижелер – оқушылардың бойында қалыптасатын қабілеттер қамтылуы тиіс.

Нормативтік құжаттарды нақтылау және сәйкестендіру қосымша білім беру жүйесіндегі маңызды түйістердің бірі болып табылады. Бұған қол жеткізу үшін оқу бағдарламаларына да міндетті болып табылатын формалар мен үлгілерді енгізу қажет. Тұрақты әрекетке қатысты бағыттар (техникалық бағыт) қосымша білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік орталығы жасамдайтын оқу бағдарламаларында көрінуі мүмкін.

Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұндық негізін жасөспірімдердің жеке басына маңызды мәселелер енгізілуі қажет, аталмыш мәселелер оқушылардың қосымша білім берудің нақты бір бағыты бойынша әрекет негізін үйренуін талап етеді.

Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге көшуіне байланысты туындаған жетістіктер мен мәселелерді есепке ала отырып, балаларға қосымша білім беру ұйымдарына жүзеге асырылатын оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, сапасын көтеру, қосымша білім беру ұйымдары үшін жасақталатын оқу-әдістемелік кешендердің оқу бағдарламасын тексеруден өткізуді қамтамасыз ету керек. Әртүрлі деңгейлі бағдарламаларды енгізу, білім берудің 12-жылдық үлгісіне көшуге байланысты қосымша білім беру әрекетінің жаңа бағыттағы бағдарламаларын енгізуге деген сұраныс жоғары.

Қосымша білім берудегі заманауи жағдай білім беру бағдарламаларының алуан түрлі болуын талап етеді. Бағдарлама бұл – оқушылардың білім берудегі белгілі бір деңгейіне қол жеткізудің жолы, өз кәсіби мәдениетін жетілдіру жолындағы мұғалімнің даярлық деңгейінің көрсеткіші, сонымен бір мезетте балаларға қосымша білім берудің шарттарын жаңарту жолы.

## **Оқушылардың техникалық шығармашылығын дамытуды бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуге талаптар**

Оқушылардың техникалық шығармашылығын дамыту бойынша бағдарламалық әдістемелік қамсыздандырудың бағдарламасын жасақтау – қандай да бір шараларды өткізу үшін өткізу сатыларын қамтитын, ұйымдастыру бойынша әдістемелік кеңестерді қамтитын, нақты материалдары бар басылым.

Кез келген оқу бағдарламасы мұғалім не сабақты беруші өзіне бағыттап алатын міндеттерді көрсетеді. Оқу бағдарламаларының алуан түрлілігіне қарамастан, берілген бағдарламаларды дұрыс құрастырып, мәліметтерді жаңартуға деген қандай да бір қажеттілік туындайды.

Бағдарламаны жасау – аса шығармашыл және күрделі процесс, ол арнайы дайындықты және тыңғылықты жұмысты қажет етеді. Оқу бағдарламасы нормативті құжат түрінде жасақталуы қажет (талаптарға сәйкес).

Оқу бағдарламасы келесі құрылымдық элементтерден құрастырылуы қажет:

- 1) қаптама беті;
- 2) түсініктеме хаты;
- 3) оқу тақырыптық жоспар;
- 4) оқылатын курстың мазмұны;
- 5) оқу бағдарламасының әдістемелік қамсыздандырылуы;
- 6) әдебиеттер тізімі;
- 7) қосымша;
- 8) пікірнамалардың болуы: ішкі (методикалық кеңес, ҚБҰ),

сыртқы (сыртқы білім беру ұйымдары).

### **1. Қаптама беттің мазмұны:**

- 1) білім беру ұйымының атауы;
- 2) білім беру бағдарламасын кім, қай жерде және қашан бекітті;
- 3) білім беру бағдарламасының атауы;
- 4) білім беру бағдарламасы оқытылатын балалардың жасы;
- 5) білім беру бағдарламасының орындалу мерзімі;
- 6) білім беру бағдарламасы авторының аты-жөні;
- 7) қаланың не жергілікті мекеннің атауы;
- 8) білім беру бағдарламасының жасалған жылы;
- 9) пікір берушінің аты-жөні, жұмыс орны, қызметі, атағы.

### **2. Түсініктеме хаты баяндайды:**

- 1) бағдарламаның негіздемесі;
- 2) қосымша білім беру туралы бағдарламаның бағыты;
- 3) жаңалығы өзектілігі, педагогикалық маңызы;

- 4) аталмыш оқу бағдарламасының өзге бағдарламалардан ерекшелігі;
- 5) оқу бағдарламасының мақсаты мен міндеттері;
- 6) берілген оқу бағдарламасын жүзеге асыруға қатысатын балалардың жасы;
- 7) оқу бағдарламасын орындау мерзімдері (оқу бағдарламасының ұзақтығы, кезеңдері);
- 8) оқу әрекетін ұйымдастыру;
- 9) сабақтардың формалары мен кестелері;
- 10) бір аптадағы оқу сабақтарының саны;
- 11) топта, ұйымда оқушылардың жалпы саны;
- 12) балалардың ерекше категорияларымен жұмыс жасау (дарынды, қауіп зонасындағы балалар, мүгедектер және т.б.);
- 13) болжамдалатын нәтижелер мен әрбір оқу жылындағы нәтижелерді тексеру тәсілдері.

**Бақылау келесі формаларда жүргізілуі мүмкін:**

- 1) сөйлесім;
- 2) сынақ; сынақ құжаты;
- 3) бағдарлама бойынша сауалнама;
- 4) мәнжазба; жұмысты қорғау;
- 5) нормаларды орындау;
- 6) бақылау жаттығулары;
- 7) конкурстар мен көрмелерге қатысу;
- 8) жарыстарда өнер көрсету;
- 9) КТК, сұрақ-жауап, ашық сабақтар және т.б.
- 10) Оқу бағдарламасын орындау нәтижелерін қорытындылау формалары: көрмелер, жарыстар, оқу-зерттеу конференциялары және т.б.

Оқу бағдарламасының оқу тақырыптық жоспары:

Оқу тақырыптық жоспарды құру формасы  
(бір оқу жылына есеппен)

**ҮЛГІ**

Тақырыптың, тараудың №	Тақырыптың, тараудың атауы	Сағат саны		
		барлығы	тақырыптық	тәжірибелік
<b>I</b>		<b>10</b>	<b>4</b>	<b>6</b>
1.		2.	1.	1.
Барлығы				

#### 4. Оқу бағдарламасының мазмұны

1. (бір оқу жылына есеппен, тақырыптардың қысқаша баяндамасы арқылы ашылады (теория және тәжірибе));
2. Тақырыптың, тараудың атауы; (тақырыптар мен тараулардың нөмірі, олардың атаулары тақырыптық жоспарға сәйкес келуі керек).
3. Негізгі теориялық ұғымдар;
4. Әрекеттің мазмұны;
5. Жабдықтар, қамсыздандыру;
6. Сабақты өткізу орны.

#### ҮЛГІ

Тақырыптың, тараудың №	Тақырыптың, тараудың атауы	Теория Негізгі теориялық ұғымдар	Практика Әрекеттің мазмұны	Жабдықтар, қамсыздандыру	Сабақты өткізу орны
I. 1.					
II. 1.					

Білімдерге деген негізгі талаптарға сәйкес білімдер, қабілеттер мен дағдыларға деген талаптар қою. Оқу мазмұнын меңгеру оқу нәтижесінің екі сатысын қамтиды: негізгі және жоғары. Бұл деңгейлердің талаптары курстың оқу бағдарламасына сәйкес анықталады. Бағдарлама бойынша жұмыс нәтижесінде оқушылардың.

**Білуі міндетті** (бір оқу жылына есеппен): \_\_\_\_\_,

**Жасауы міндетті** (бір оқу жылына есеппен): \_\_\_\_\_.

#### 5. Оқу бағдарламасының әдістемелік қамсыздандырылуы баяндаудан тұрады:

1) әрбір тақырып не тарау бойынша жоспарланатын сабақтарды жүргізу формалары, (ойындар, әңгіме, серуен, экскурсия, жарыс, конференция және т.б.);

2) оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістері, дидактикалық материал, сабақтарды техникалық қамсыздандыру;

3) әрбір тақырып пен тарау бойынша қорытындылар шығару формалары.

#### Оқу әрекеті

1. Әрекет сатылары (олардың болуы (әрекет мерзімдері)).

2. Қосымша сабақтар (олардың болуы (негіздеме, *режим, адамдар саны*).

3. Жұмысшы топтарды құру принципі (ұйымдар) (жасы, қабілеттері).

4. Оқу тәрбие процесінің тәсілдері мен әдістері.

5. Алуан түрлі әдістер мен технологияларды пайдалану (авторлық, типті және т.б.)

6. Дидактикалық материалды пайдалану

7. ТСО және өзге де аппараттың болуы.

### **Тәрбиелеу жұмысы**

Күнделікті тәрбие жұмысын жүргізу (топтық, *фронтальды, жеке*).

Ұйымда дәстүрлі саналатын топтық тәрбиелеу жұмыстарының болуы.

### **Дамытылатын әрекет**

Табиғи және қабылданған қабілеттердің болуы және дамыту.

Жеке ерекшеліктерді есепке алу.

Шығармашылық тапсырмалар түрлері.

### **Әдебиет тізімі**

(автор: Аты-жөні, жинақ атауы, басылым, шығарылым жылы).

### **Екі тізім беріледі**

- Бағдарламаны жүзеге асыру үшін мұғалім басшылыққа алатын әдебиет,
- тәрбиеленушілер мен олардың ата аналарына арналған әдебиет.

**Қосымша:** (автордың таңдауы бойынша, ұйымның бағытына сәйкес)

1. Балаларға қосымша білім беру бойынша оқу бағдарламасының негізгі терминдерінің сөздігі (тезаурус).

2. Әдістемелік анықтамалықтар, нақты сабақтар мен типтік жұмыстардың жинақтары (авторлық жинақтар).

3. Жұмыс дәптерлері, сабақтарды жүргізуге арналған әдістемелік кеңестер.

4. Білім беру нәтижелері мен болжамдауды бақылау (сапалық және сандық көрсеткіштер).

5. Сабақтар жоспарлары (тарауды көрсету, ашық сабақтар және т.б.).

6. Нақты бағыттар бойынша жұмыс жоспарлары (тәрбие жұмысы бойынша, ата аналармен жұмыс және т.б.).

7. Жекелеген білім беру маршруттары (*сызбасы қоса берілген*)

### **Жеке білім беру маршруттары**

Жеке жұмыс үшін – қосымша жасақталады, қажет жағдайда, 2 және 3 оқу жылындағы оқушыларға арналады, топтағы оқушылар саны 1 – 5 адамнан болуы керек, тақырыптар біртіндеп күрделене береді.

**Жеке маршрутқа арналған түсініктеме хаты:**

- Оны дамыту ерекшеліктері,
- Оның ерекшеліктері мен потенциалды мүмкіндіктерінің баяндалымы,
- Оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері,
- Күтілетін нәтижелер,
- Нәтижелілік критерийлері,
- Оқу процесінің нәтижелілігін бақылау формалары мен тәсілдері.

**Ерекше потенциалды мүмкіндіктері бар (дарынды) тәрбиеленушілерге арналған жеке маршруттарды жасақтау формасы**

**ҮЛГІ**

Тақырып пен тарау №	Тақырып пен тарау атауы	Сағаттар саны		
		барлығы	теориялық	практикалық
<b>I</b>	<b>Жұмыс түрлері</b>	<b>5</b>	<b>1</b>	<b>4</b>
1		4	1	3
2				
Барлығы				



**«Заманауи электроника» қосымша білім беру оқу  
бағдарламасы**

*Анатолий Васильевич Мануковский,  
балалардың техникалық  
шығармашылығы үйірмесінің  
жетекшісі, жоғары категориялы педагог,  
техникалық ғылымдар кандидаты,  
Павлодар қаласындағы балалардың  
техникалық шығармашылығы мектебі*

**Үйірме мақсаты:** балалардың техника мен рационализаторлық ойлауға деген қызығушылығын ояту. Радиоэлектроника үйірмесінде балалар сәйкес теориялық білімдерді ала отырып, қандай да бір электронды құралды құрастыру кезінде сол білімдерін тәжірибе жүзінде бірден сынап көруге мүмкіндік алады. Жұмыс барысында өз білімдерін сынау үшін құрастырылатын нысан түрі баланың қалауымен таңдалады. Ондай нысандар қатарына жарықты басқару құрылғысы, саз құралы, түсті-сазды құрал, температураны өлшеу жабдығы жатқызылуы мүмкін және т.б.

Үйірмеде балалар электроника туралы алғашқы реттік білімді қалыптастырады, кейіннен ол мамандық таңдауға да әсер етеді. Үйірменің сан жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлері мен жоғары жұмыс нәтижелері бар. Оның тәрбиеленушілері Республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпаздары атанған.

Үйірменің бұрынғы тәрбиеленушілері – бүгінде техникалық ЖОО студенттері, радиоэлектроника, телемеханика, бағдарламалау бойынша сауатты мамандар атанған және т.б. Үйірме техникаға деген шығармашылық қызығушылықты туындатып, рационализаторлық ойлауды қалыптастырады және болашақ мамандықты таңдау үшін мүмкіндіктер береді.

**Түсініктемелік хат**

**Оқу аймағы мен зерттеу пәні**

Радиоэлектроника үйірмесінің оқу аймағы физика (нақтырақ айтқанда, оның жекелеген тараулары электр энергиясы, радиотехника, электроника) және математика (алгебра, математикалық анализ, алгебра логика, қосымша математика) пәндерімен байланысты.

Радиоэлектроника және микропроцессорлы техника кез келген елдің экономикасының даму деңгейін анықтайтын салаларға жатқызылады. Аталмыш салалардың қатысуынсыз радиобайланыс, радиолокация, теледидар, ғарышты меңгеруді елестетіп, өндірістік процестер мен есептеу техникасының технологиялық жабдығын автоматты басқару жүйесін дамыту мүмкін емес.

Радиоэлектроника техникалық прогресті алға жылжытатын өзіндік катализатор саналады.

Адамдар көбіне аталмыш мамандықты «радиотелемастер» мамандығы деп түсінеді. Шын мәнінде үйірме қатысушылары кейіннен таңдауы мүмкін мамандықтардың легі әлдеқайда көп. Олар тұрмыстағы күрделі электронды техника – ұялы телефондарды, бейнекамераларды, компьютерлерді, ойын приставкаларын, күзет жүйелерін жөндеп, реттеумен ғана емес, сонымен бір мезетте, мәселен, бұл күндері кез келген фирма не өнеркәсіптің жұмысын елестету мүмкін емес электронды жабдықтардың жұмысын реттеп, әскери не ғарыштық электронды жабдықтарды құрастырушы инженер немесе жасаушы инженер, телекоммуникация мен байланысты реттеуші инженер және т.б. мамандықтарды игере алады.

Электронды жабдықтар тұрмыс пен өнеркәсіпте ғана емес, бүгінде медицина, көлік, байланыс, қарулы күштер, банк жүйелері, басқару жүйелері және т.б. салаларда пайдаланылады және осы бағыттағы мамандардың көптеп дайындалуын қажет етеді.

Сондықтан ұсынылып отырған курстың мазмұны өзекті және педагогикалық тұрғыдан дұрыс жасақталған. Бағдарлама оқушылар мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарында білім алатындарға арналған.

### **Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

#### **Мақсаты:**

1. Өзін техникалық мамандықтарда жақсы көрсете алатын шығармашыл тұлғары тәрбиелеу.
2. Радиоэлектронды жабдықтар мен бағдарламалық қамсыздандыруды құрастыру, жасау мен реттеуге байланысты мамандықтарға деген қызығушылықты ояту.
3. Техникалық шығармашылық көрмелері, олимпиадалар, интеллектуалды жарыстар мен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы оқушылар мен жасөспірімдердің шығармашылық потенциалын жасамдау.

#### **Міндеттері:**

1. Оқушыларды радиотехника, электроника, автоматика, телемеханика және микропроцессорлы техника негіздеріне баулу.

2. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және білімге деген құштарлығын ояту.

3. Оқушылардың рационализациялық ойлауын, еңбексүйгіштігін, тұрақтылығын, қиындықтарды жеңіп, мақсатына қол жеткізуін дамыту.

4. Отансүйгіштік, тарихқа қызығу мен туған өлке дәстүрлерін қастерлеуді үйрету.

5. Топта шығармашылық, өзара түсіністік пен сыйластық атмосферасын орнату.

#### **Ұсынылатын оқу бағдарламасының ерекшеліктері:**

1. Бағдарлама микропроцессорлық техниканы терең оқуды ғана емес, микропроцессорларды пайдалана отырып, жабдықтарды құрастыруды да жоспарлайды. Үйірмеде бұл әрекетке қажетті сәйкес материалды база бар.

2. Бағдарлама компьютерлерді қызық, кеңсе жұмыстарын автоматтандыру мен ақпараттарды жинақтау үшін ғана емес, шығармашылық жұмыс барысында туындайтын ұзақ уақытты қажет ететін бір сипатты жұмыстарды, зерттеу әрекеттерін автоматтандыру үшін пайдаланылады.

**Аталмыш оқу бағдарламасын жүзеге асыруға қатысатын балалардың жасы:** 12 жастан (6-шы сыныптан бастап) 18 жасқа дейін. Үйірмеге балалар ғана емес, мектептен кейін осы бағыт бойынша білімін колледждер мен ЖООларда жалғастырғысы келетіндер, әртүрлі электронды құрылғыларды, тұрмыстағы немесе кеңседегі электронды аппараттарды өз қолдарымен құрастыруды армандайтындар да қатыса алады.

#### **Оқу бағдарламасын жүзеге асыру ұзақтығы – 3 жыл.**

I және II жылдар: радиотехника және электроника;

III жыл – автоматика, телемеханика, микропроцессорлы техника компьютерді радиоэлектроникада пайдалану.

#### **Сабақтар түрлері мен кестесі**

Радиоэлектроника үйірмесіне VI-XI сыныптар оқушылары қатысады. Баланың оқу жылдарының ұзақтығына қарай үйірме жұмысы үш түрлі категорияға бөлінген.

I оқу жылындағы топта 15 адам бар және олар аптасына 2 рет 2 академиялық сағат оқиды. Мұнда балалар радиоэлектроника негіздерімен танысады және мұғалімнің мақсаты: таңдалған бағыт бойынша оқушылардың қызығушылығын оятып, олардың ары қарай жұмыс істеуге деген тілегін туындату.

II оқу жылындағы топ құрамында 12 адам бар және олар аптасына 2 рет 3 академиялық сағат аясында тәлім алады. Бұл топтағы әрекет барысында оқушылар үлкен қабілеттілік пен арнайы білімді талап ететін белгілі бағытта оқиды. Оқылатын материал мен

практикалық тапсырмалар күрделене түседі, бірқатар дарынды балалардың әрекеттері қалалық және облыстық деңгейлердегі балалардың техникалық шығармашылығы көрмелеріне дайындыққа ұласуы мүмкін. Балалардың барлығы дерлік жыл аяғындағы қорытынды сабақта қорғалатын техникалық жобаларды дайындайды.

ІІІ оқу жылындағы топта 8 адам болады және олар аптасына 3 рет жұмыс жасайды: 2 рет 3 академиялық сағат, 1 рет – 2 академиялық сағат аясында тәлім алады. Бұл топта 14-18 жастағы дарынды балалардың шығармашылық қабілеттерін максималды дамыту әрекеттері орындалады. Олар рационализаторлық, шығармашылық жұмыспен айналысып, облыстық қана емес, Республикалық көрмелер мен олимпиадаларға да қатысады.

Оқылатын тақырыптар, жұмыс бағыты мен үйірмедегі сабақтардың өткізілу ерекшелігіне қарай сабақтар топпен бірге де, жекелеген оқушылармен де, кішігірім топтармен де жұмыс жасау түрінде өткізілуі мүмкін. Күрделі тақырыптарды оқу не күрделілігі жоғары құрылымдарды құрастыру кезінде дайындықтары жоғары бірнеше оқушылармен жеке жұмыс жүргізген тиімді.

Техникалық шығармашылық көрмелері, қорытынды сабақтар, ғылыми-практикалық конференцияларға барлық топтардың қатысушылары мен олардың ата-аналары шақырылады.

Сабақтар әдетте теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады, кейде лекция түрінде өтеді, ал көрмелер мен жобаларды қорғау жұмыстары алдында техникалық құрылғымен жұмыс түрінде өтеді.

Оқу жоспары мен жұмыс бағыты уақыт талаптары мен жағдайларға сәйкес өзгеріп отыруы мүмкін.

## **Оқу-тақырыптық жоспары**

### **Үйірменің І оқу жылының мақсаты мен міндеттері**

**Мақсаты:** Электр энергиясы, радиотехника, электроника негіздері мен қарапайым техникалық жабдықтарды құрастыру арқылы шығармашыл, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

1. балаларды электр энергиясы, радиотехника, электроника негіздері және физиканың өзге де тарауларына оқыту.
2. балалардың шығармашылық қабілеттері мен білімге деген ұмтылысын дамыту.
3. отансүйгіштік, еңбекқорлық, шыдамдылық, көмек көрсету мен өзара сыйластық қасиеттерін тәрбиелеу.

## **Үйірменің II оқу жылының мақсаты мен міндеттері**

### **Мақсаты:**

1. Техникалық қабілеті бар, қиын мәселелерді шеше алатын және алынған білімді теория жүзінде пайдалануға қарымы бар шығармашыл және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.
2. Техникалық мамандықтарға деген қызығушылықты ояту.

### **Міндеттері:**

1. Балаларды радиотехника, радиоэлектроника мен автоматика негіздеріне үйрету.
2. Техникалық құрылғыларды құрастыру кезінде алынған білімді тәжірибелік тұрғыда пайдалана алу.
3. Техникалық шешімдерді тез табуды, шығармашылық қабілеттер мен білімге деген ұмтылысты дамыту.
4. Отансүйгіштік, өзара қол ұшын беру мен сыйластық сезімдерін тәрбиелеу.
5. Қалалық және облыстық деңгейдегі техникалық шығармашылық көрмелеріне қатысу.

## **Үйірменің III оқу жылының мақсаты мен міндеттері**

### **Мақсаты:**

Техникалық қабілеті бар, қиын мәселелерді шеше алатын және алынған білімді теория жүзінде пайдалануға қарымы бар шығармашыл және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

2. Электроника, автоматика, телемеханика, микропроцессорлы техника және т.б. байланысты мамандықтарға деген қызығушылықты туындату.

### **Міндеттері:**

1. Балаларды радиотехника, радиоэлектроника мен автоматика негіздеріне үйрету.
2. Техникалық құрылғыларды құрастыру кезінде алынған білімді тәжірибелік тұрғыда пайдалана алу.
3. Техникалық шешімдерді тез табуды, шығармашылық қабілеттер мен білімге деген ұмтылысты дамыту.
4. Отансүйгіштік, өзара қол ұшын беру мен сыйластық сезімдерін тәрбиелеу.
5. Республикалық және халықаралық деңгейдегі техникалық шығармашылық көрмелеріне қатысу.

## Оқытылатын курстың мазмұны

Үш жылдық оқу мерзімі ішінде оқушылар радиотехниканың негідерін, электроника, автоматика, телемеханика мен микропроцессорлық техника туралы оқып-біледі.

Оқу материалы күрделілік деңгейіне қарай әр оқу жылдарына бөлініп тасталған. Егер бірінші жылдағы балаларға электр желісі, радиотехника мен электроника туралы бастапқы білімдер берілсе, үшінші оқу жылындағы оқушылар автоматика, телемеханика мен микропроцессорлық техника туралы терең білімдер алады. Олар тәжірибелік жұмыстарға қатысып, алынған теориялық білімдерін электронды жабдықтарды жасау кезінде пайдаланады.

### 2 оқу жылындағы топтың оқу-тәрбиелік тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Сағат саны		
		теориялық сабақтар	практикалық сабақтар	барлығы
1	<i>Кіріспе сабақтар</i>	2	2	4
2	Қауіпсіздік техникасы	2	4	6
3	Радиоэлектронды аппаратураның сызбасын оқу	5	5	10
4	Радиобөлшектерді белгілеу	3	3	6
5	Электротехника негіздері	3,5	2,5	6
6	Қарапайым электронды схемалар	13,5	30,5	44
7	Радио аппаратурасын электрлі жабдықтау	5,5	12,5	18
8	Жартылай өткізгіш құралдар	6,5	5,5	12
9	Күшейткіштер	4,5	7,5	12
10	Құрастыру негіздері	4	6	10
11	<b>Қорытынды сабақтар және оларға дайындық</b>	2	10	12
12	Экскурсиялар	1	1	2

	<b>Барлығы:</b>	<b>52,5</b>	<b>89,5</b>	<b>142</b>
--	-----------------	-------------	-------------	------------

## 2 оқу жылындағы топтың оқу-тәрбиелік тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Сағат саны		
		теориялық сабақтар	практикалық сабақтар	барлығы
1	<i>Кіріспе сабақтар</i>	2	1	3
2	Қауіпсіздік техникасы	2	4	6
3	Радиобөлшектерді белгілеу	3	6	9
4	Электрлі және радиотехниканың негіздері	11	22	33
5	Радиоэлектрлі аппараттарды қондыру	5	13	18
6	Өлшеу жабдықтары	5	7	12
7	Жартылай өткізгіш құралдар	5	10	15
8	Радио аппаратының электрлі қамсыздандырылуы	4	14	18
9	<b>Электронды жабдықтарды қондыру</b>	10	44	54
10	Дауыс жиілігін күшейту	5	16	21
11	Компьютерді меңгеру	2	4	6
12	Радиоқабылдағыш	2	4	6
13	Қорытынды сабақтар және оларға дайындық	4	11	15
14	Экскурсиялар	0	3	3
	<b>Қорытындысы:</b>	<b>60</b>	<b>159</b>	<b>219</b>

## 3 оқу жылындағы топтың оқу-тәрбиелік тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Сағат саны
---	---------------	------------

		теориялық сабақтар	практикалық сабақтар	барлығы
1	<i>Кіріспе сабақтар</i>	3	2	5
2	Ақпаратты іздестіру	2	4	6
3	<i>Қауіпсіздік техникасы</i>	3	5	8
4	<i>Электрлі және радиотехниканың негіздері (қайталау)</i>	9	7	16
5	Өлшеу жабдықтары	9	12	21
6	Радиоэлектрлі жабдықтардың жобалауын автоматтандыру	9	32	41
7	Баламалы сызбалық техника	5	8	13
8	Жоғары сапалы дауыс шығару	7	14	21
9	Қоректендірудің желілік блоктары және есептеу	5	9	14
10	Сандық техника	9	20	29
	<b>Қорытынды:</b>	<b>61</b>	<b>113</b>	<b>174</b>
<b>Автоматика негіздері</b>				
11	Автоматика негіздеріне кіріспе	1	2	3
12	Автоматика жабдықтарындағы датчиктер	1	1	2
13	Автоматты жабдықтардағы реттеуші өзгерткіштер	10	17	27
14	Баламалы дабылдарды салыстыру түйістері	3	5	8
15	Қуатты күшейткіштер	5	8	13
	<b>Барлығы:</b>	<b>20</b>	<b>33</b>	<b>53</b>
<b>Телемеханика</b>				
16	ИҚ сәулелеріндегі ДУ жабдықтары	2	3	5



17	Радиобасқару жабдықтары	2	14	16
Барлығы:		4	17	21
<i>Микропроцессорлы техниканың негіздері</i>				
18	Құрастыру принциптері және микропроцессорлы жүйелердің элементтер базасы	7	9	16
19	Микропроцессорлы техниканы бағдарламалық жабдықтау	2	3	5
20	Заманауи микробақылаушылар	2	1	3
Барлығы:		11	13	24
21	Бейнетехника			
22	Қорытынды сабақтар және оларға дайындық	3	11	14
23	Экскурсиялар	1	5	6
Қорытынды:		4	16	20
<b>Барлығы:</b>		<b>100</b>	<b>192</b>	<b>292</b>

### Ата – аналармен жұмыс

1. Ата-аналардың сұранысын зерттеу және қызметкерлердің жұмысы туралы сұраныс, анкета және тестілеу жүргізу (жыл басында, жыл соңында).

2. Ата-аналар жиналыстары (жыл басында – міндетті, жыл аяғында – қажеттілігі бойынша).

3. Жеке жұмыс: кеңес беру, әңгімелер, ата-аналарды оқу-тәрбие жұмысына тарту (жыл бойы, тұрақты түрде).

4. Ата-аналарды қорытынды сабақтарда техникалық жобалардың қорғауына шақыру (жыл соңында, ал кейде – жартыжылдықта).

5. Үйірменің материалды-техникалық базасын күшейту үшін ата-аналарды спонсорлық көмек көрсетуге тарту (ескі радиоаппаратура, өндірістегі пайдаланудан шығарылған электронды және есептеу техникасы және т.б.) – жыл бойы.

### **Тәрбие жұмысы**

- Сарайда өткізілетін алуан түрлі мейрамдарға қатысу, Ата Заң, Республика, ҚР Тәуелсіздігі күндері өткізілетін пікірталастар мен ұлттық нышандарды: Туды, Елтаңбаны, Қазақстан Республикасының әнұранын ұлықтау арқылы балалардың бойында патриотизмді тәрбиелеу.

- Балалардың бойында сабақтардағы әңгімелесулер, фильмдерді талқылау, оқылған басылым және кітаптарды талқылау, сарайда, концерттік бағдарламалар мен өзге де іс-шараларға қатыстыру арқылы барлық адамдарға ортақ болып табылатын мейірімділік, шынайылық, өзара қол ұшын беру, достық, Отанға деген махаббат құндылықтарын тәрбиелеу.

- Радиоэлектроника бойынша тақырыптарды оқу және теориялық білімдерді тәжірибе жүзінде пайдалану, сол секілді осы үйірмені бітірген, бұл күндері техникалық факультеттер мен ЖООлардың студенттері, әртүрлі мамандықтарда инженер болып жұмыс жасайтын түлектермен кездесу.

- Техникалық шығармашылық көрмелері мен олимпиадаларға қатыстыру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б.

### **Топтық жұмыс**

- Қалалық, облыстық және Республикалық деңгейдегі техникалық шығармашылық көрмелері, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар және интеллектуальды жарыстарға қатысу.

- Дәстүрлі сарайдағы мейрамдарға қатысу: «Сәлем Сарай!», «Жаңа жыл», «Сарай жұлдыздары».

- Ғылым мен техника бөлімінің дәстүрлі мейрамдары «Ғарышкер күні» (12 сәуір) және Ғылым мен Техника аптасына қатысу (сәуірде).

### **Оқу бағдарламасының ақпараттық-тәсілдемелік қамсыздандырылуы**

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында сабақтар лекция, әңгімелесулер, тәжірибелік сабақтар, бейнесабақтар, ғылыми жобалар қорғауы және т.б. секілді жүргізіледі. Сабақтарды өткізу кезінде кітаптардан, журналдардан, компьютерлік дискілерден және ғаламтордан алынған материалдар пайдаланылады.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. В.В. Горелов «Охрана труда и ТБ в общеобразовательных школах». М., Просвещение, 1986.

2. В.Г. Борисов. Книга юного радиолюбителя. М., Радио и связь, 2004.
3. «Источники электропитания РЭА» под ред. Г.С. Найвельта. М., Радио и связь, 1985.
4. У. Титце, К. Шенк Полупроводниковая схемотехника: Справочное руководство. – М.: Мир, 1983.
5. «Справочник радиолюбителя-конструктора». - 3-е изд., М., Радио и связь, 1984.
6. Р.М. Галеев, Б.С. Сайфуллин. «Светомузыкальные инструменты», М., Радио и связь, 1988.
7. Журналы «Радио», «Радиолюбитель», «Радиолюбитель», «Радиоконструктор», «Радиомир», «Радиоаматор», «Radioamateur», «Funkshau».
8. Журналы «Юный техник» и приложения к ним, журналы «Моделист-конструктор».
9. Выпуски «В помощь радиолюбителю» №45-128.
10. А.В. Мануковский. Расчет маломощного трансформатора на программируемом микрокалькуляторе./ Журнал «Энергетика», 1991, №2, с.53-56.
11. В. Флинк. «33 схемы сигнализации», М., Радио и связь, 1990.
12. А.М. Меерсон. «Радиоизмерительная техника», М., Радио и связь, 1984.
13. Хоровиц П., Хилл У. Искусство схемотехники: В 3-х томах. Пер. с англ.– 4-е изд. перераб. и доп. – М.: Мир, 1993.
14. А.Г. Алексенко, Е.А Колумбет., Г.И. Стародуб Применение прецизионных аналоговых ИС. – М.: Сов. Радио, 1980.
15. Фолкенберри Л. Применение операционных усилителей и линейных ИС. Пер. с англ. – М.: Мир, 1985.
16. Бирюков С.А. Цифровые устройства на интегральных микросхемах. – М.: Радио и связь, 1984.
17. Бирюков С.А. Цифровые устройства на МОП интегральных микросхемах. – М.: Радио и связь, 1990.
18. Богатырёв А.Н. Радиоэлектроника, автоматика, элементы ЭВМ: Учеб. Пособие для 8-9 кл. сред. шк. – М.: Просвещение, 1990. – 175 с.
19. Л.А.Мальцева, Э.М.Фромберг, В.С.Ямпольский. Основы цифровой техники. М: «Высшая школа», 1990.- 341 стр.
20. В.В.Бессонов. Радиоэлектроника в школе – теория и практика. – М., Солон-Пресс, 2003.

### **Компьютерлік дискілер тізімі**

1. «Радио», «Радиолобитель», «Радиолюбитель», «Радиомир» журналдарының дискілері.
2. Радиомен жұмыс істеуді жаңа бастап жатқандарға арналған «Радиофанат» дискісі.
3. «Современные микроконтроллеры» дискісі.
4. «Описание всех микроконтроллеров» дискісі .
5. «Planet Microchip» дискісі.
6. «Радиолобитель-2000» дискісі.
7. «Радиолобитель-2001» дискісі.
8. «Welcome to CAD's land» дискісі.
9. «Большой справочник радиолобителя» дискісі.
10. «Суперэнциклопедия радиолобителя» дискісі.

### **Бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарлама үйлесімді дамыған, техникалық мамандықтары үйрену арқылы және үйірменің бағытымен байланысты мамандықты таңдау арқылы елінің келешегіне пайдасын әкелетін тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

Екі жылдық оқу бағдарламасын орындау нәтижесінде келесі нәтижелерге қол жеткізіледі:

- жоғарыда аталған пәндер бойынша қажетті теориялық мәліметтердің минимум көлемін ұғынады;
- Радиоэлектрлі аппаратураны даярлау мен құрастыруға байланысты жөндеу, құрастыру, және реттеу бойынша қабілеттерді алады;
- Ең көп таралған электрлі және радиоөлшеуіш құралдарлы пайдалану бойынша жұмыстар мен ережелермен танысады;
- Күнделікті өмірде компьютерлерді пайдалануды үйренеді (компьютерлік сауаттылықты үйренеді).

Үш жылдық оқу курсы бітіргендер жоғарыда аталған қабілеттерге қоса келесі білімдерді үйренеді:

- Қарапайым автоматикалық құрылғылар мен қашықтықтан басқару құрылғыларын құрастырып, пайдалануды үйренеді (Remote control);
- Компьютер көмегімен орындалуы қиын әрі ұзақ сызбалар сызу, басу платаларын жасау, техникалық және технологиялық құжаттарды даярлау және т.б. жұмыстарды жасауды үйренеді;
- Негізгі математикалық және радиотехникалық есептеулерді және компьютер көмегімен электронды сызбаларды үлгілеу процестерін автоматтандыруды үйренеді;

- Микропроцессорлармен танысып, қарапайым микропроцессорлық жүйелерді даярлауды, оларға арнап бағдарламаларды жасауды үйренеді.

Бағдарлама бойынша үйірмені толық аяқтаған қатысушылар радиоэлектроника, автоматика, телемеханика және микропроцессорлы техника бойынша жалпы мәліметтер алып, осы пәндердің жекелеген тақырыптары бойынша терең теориялық білімдер мен практикалық қабілеттерді қалыптастырады. Бұл оқушылар техникалық шығармашылықты үйрену мен өз беттерінше білім үйренуге дайын болулары керек. Олар міндетті:

- радиотехника, радиоэлектроника, автоматиканың негіздерін білу;
- оқылған теория бойынша терминдерді білу;
- алуан түрлі электронды жабдықтардың сызбаларын оқып, өз бетімен құрастыра алу;
- теориялық материалды оқу, дайын сызбалық шешімдерді іздеу, есептеулер мен жобалық жұмыстарды автоматтандыру үшін компьютерді пайдалану;
- техникалық құрылғыларды құрастыру кезінде алынған теориялық білімдерді пайдалана алу;
- барлық деңгейдегі көрмелер мен жарыстарға қатысып, жеңіске жету;
- алынған білімді мамандық таңдау үшін пайдалану.

**Бағдарламаны орындаудың қорытынды формалары** – бұл қорытынды сабақтар, барлық деңгейдегі техникалық шығармашылық көрмелері, олимпиадалар, ғылыми практикалық конференциялар, интеллектуалдық жарыстар мен ғылыми жобаларды қорғау.

### **«Робот техникасы негіздері» қосымша білім берудегі оқу бағдарламасы**

*Солтүстік Қазақстан облысы,  
Петропавл қаласы, №16 негізгі  
мектебінің директоры  
Уәлиев Данияр Серікұлы*

### **Білім беру робототехникасы – ХХІ ғасыр технологиясы**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауында «2050 жылы әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру» туралы ел дамуының ұзақ мерзімді жоспарын жариялады. Жоспар 2050 жылға дейінгі қалған жеті бес жылдыққа

бөлінді, олардың әрқайсысы ортақ мақсатқа қол жеткізу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Екінші тұжырымдама бойынша келесі бес жылда Қазақстан ұялы байланыс және мультимедиалық, нано және ғарыш технологиялары, робототехника, гендік инженерия, ғылыми-зерттеу және болашақ энергиясын ашу салаларының негізін құру керек.

Ғылымның жаңа бағыттарын игеру үшін біз бүгіннен бастап мамандарды дайындауымыз қажет. Сондықтан Қазақстан мұғалімдеріне ең маңызды міндет жүктелген - сыни ойлау дағдылары қалыптасқан, өз бетінше ақпаратты іздеп, терең талдау жасай алатын жас ұрпақты тәрбиелеу.

Робототехника - ғылым мен техниканың ең озық бағыттарының бірі, ал білім беру роботты техникасы - жаңа пәнаралық өріс, мехатроника, технология, математика, кибернетика және АКТ, физика білімдерін интеграциялауға, түрлі жастағы оқушылардың жаңа ғылыми-техникалық шығармашылық үдерісіне қатысуға қызықтыру мүмкіндігін береді. Ол ағымдағы ғылыми және техникалық шығармашылықты көпшілікке танымал етуге бағытталған және жастар арасында инженер мамандығының беделін көтеру, жастар арасында техникамен жұмыс істеу және маңызды инженерлік-техникалық тапсырмаларды тәжірибелік шешу дағдыларын дамыту болып табылады.

Мектептегі Робототехника ХХІ ғасыр оқушыларының технологиясы болып табылады, өзара іс-қимыл дағдыларын, олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді, өздігінен шешім қабылдауға үйретеді, олардың шығармашылық мүмкіндігін ашады. Балалар мен жасөспірімдер, олар өз бетінше бір нәрсені ойлап тауып, құрастырғанда мұны жақсы түсінеді. Робототехника бойынша сабақ барысында, осы факт жай ғана есепке алынбайды, керісінше, шын мәнінде әр сабақта пайдаланылады.

Ғылыми-техникалық бағыттағы робототехника бағдарламасы, қазіргі уақытта робототехника және компьютерлендіру болғандықтан, өзі жобалап, өз шешімін қорғап, нақты модельді іске асыра алатын балаға тапсырмаларды автомат көмегімен шешуді үйрету керек, яғни, ол кейін өзі тікелей құрастырып, бағдарлай алатын болады.

Осы тақырыптың өзектілігі - ол Қазақстанда қазіргі уақытта нанотехнологиялар, электроника, механика және бағдарламалаудың дамуы болып табылады. Яғни, компьютерлік технологиялар мен робототехниканың дамуы үшін нұрлы жол қалануда. ХХІ ғасырдағы еліміздің жетістіктерін табиғи ресурстар емес, қазіргі таңдағы ең озық технологиялар деңгейінде анықталатын, зияткерлік әлеуетінің деңгейі айқындайтын болады. Білім беру роботты техникасының бірегейлігі жобалау және бағдарламалауды бір курсқа біріктіру болып табылады,

яғни техникалық шығармашылық арқылы информатика, математика, физика, сызу, жаратылыстану ғылымдарына инженерлік ойлауды дамытумен кіріктіруге мүмкіндік береді.

Техникалық шығармашылық - білімнің қуатты синтез құралы, жүйелі ойлаудың берік негізін қалыптастырады. Осылайша, инженерлік жұмыстар мен зертханалық сынақтар – әрбір оқушының күнделікті өмірінің құрамды бөлігі болуы тиісті көп қырлы қызмет.

Сабақтан тыс іс-шараларда Lego-конструкторларын қолдану оқушылардың білімге деген уәждемесін арттырады, яғни өнер мен тарихтан бастап, математика және жаратылыстану ғылымдарына дейін барлық дерлік пәндерді білуді талап етеді.

Пәнаралық сабақтар түрлі тетіктерді дамыту мен құрылыс саласындағы табиғи қызығушылыққа негізделген. Бір мезгілде LEGO сабақтары алгоритмдер және бағдарламалау негіздерін үйрену үшін қолайлы болып келеді.

LEGO білім беру конструкторларымен жұмыс оқушыларға танымдық ойын түрінде көптеген маңызды идеяларды білуге және кейінірек өмірде қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Әбден табиғи моделді құрастыру кезінде білімнің әр түрлі аудандарынан көптеген мәселелер ықпал етеді – механиканың теориясынан психологияға дейін.

Өз бетінше техникалық шығармашылықты дамыту мен ұжымда жұмысты жаттықтыру өте маңызды болып табылады.

Қарапайым тетіктерді зерттей отырып, балалар өз қолдарымен жұмыс істеуге үйренеді (шағын және дәл қозғалыстардың дамуы), конструкторлық ойлауын, қиялын дамытады, көптеген тетіктердің жұмыс істеу қағидаттарын үйренеді.

Бағдарлама бір жылдық оқытуға есептелген (204 сағат). Сабақтар екі академиялық сағаттан аптасына үш рет өткізіледі. Оқушылардың жасы 10-16 жас.

**Бағдарламаның мақсаты:** тәрбиеленушілерге робототехника, бағдарламалау негіздерін үйрету. Құрастыру және жобалау үдерісінде шығармашылық қабілеттерін дамыту.

#### **Бағдарламаның міндеттері**

##### Оқытушылар:

- робототехникалық құрылғыларды жобалау туралы базалық білім беру;
- робототехникалық құрылғылардың бағдарламалау және жинау әдістерін үйрету;
- құрастыру және жобалау жалпы ғылыми-технологиялық дағдыларын қалыптастыру;
- құралдармен қауіпсіз жұмыс ережелерін таныстыру;

##### Тәрбиелеушілер:

- орындаған жұмысына деген шығармашылық қарым-қатынас қалыптастыру;
- міндеттерді тиімді бөлуге, ұжымда жұмыс істеу қабілетін тәрбиелеу.

#### Дамытушы:

- шығармашылық бастамасы мен тәуелсіздігін дамыту;
- оқушылардың психофизиологиялық қасиеттерін дамыту: есте сақтау, назар қою, логикалық ойлау қабілеті, талдау, бастыға назарын шоғырландыру.
- Айқын қисынды ретпен ой білдіруге, өз көзқарасын қорғай алуға, жағдайды талдауға және логикалық пайымдауға өз жауаптарын табу мүмкіндігін дамыту.

### **Жобаны іске асыру кезеңдері**

Сенсорлық, жарықтандыру, қашықтық: алғашқы алты айда оқыту тетіктерінің жұмыс істеу қағидаттары, LEGO Mindstorms EV3 конструкторымен жұмыс дағдылары қалыптасады, қажетті теориялық және тәжірибелік база беріледі. LEGO Mindstorms EV3 Education бағдарламасының негізінде оқушылар компьютерлік бағдарламаның блоктарымен: дисплей, қозғалыс, цикл, тетік блоктары, ажыратқыштар блогымен танысады.

Оқытушы жетекшілігімен, содан кейін өз бетінше бағдарламалар әзірленеді: «қозғалыс», «алға-артқа», «тез қозғалу», «робот-зырылдауық», «сегіздік», «жылан», «орнында бұрылу», «спираль», «тұрақ», «лабиринттен шығу», «сызық бойынша қозғалу». Роботтарды жобалап, оларды бағдарламалайды. Роботтарды жарыстарға дайындайды: «Кегельринг», «Сызық бойынша қозғалыс», «Сумо».

Тренингтің екінші жартысында білімді арттыру және LEGO Mindstorms EV3 конструкторымен бар дағдыларды жетілдіру көзделген. Оқушылар Robolab бағдарламасын, Lab View бағдарламалаудың көзбен шолу тілі командаларын үйренеді. Жұмысты басқару тәртібінде - 1, 2, 3, 4 деңгей. Жұмысты жобалау режимінде 1, 2, 3, 4 деңгейлер бар. Осы бағдарламалар негізінде модельдерді зерттеп, роботталған өнімдерді жобалап, құрастырады (жарысқа арналған роботтар, тұрмыстағы көмекші роботтар, спорттағы көмекші роботтар және т.б.).

### **Бағдарламаны іске асыру шарттары**

1. Lego конструктор жиынтығы;
2. LEGO MINDSTORMS EV3 - 10 жиынтығы.



3. Орташа ресурс жиынтығы - 10 жиынтығы.
4. LEGO MINDSTORMS EV3 бағдарламалық қамтамасыз ету.
5. LEGO MINDSTORMS EV3 пайдаланушы басшысы.
6. Жарық тетіктері - 10 дана.
7. Зарядтағыш құрылғылары - 10 дана.
8. Мұғалім АРМ (компьютер, проектор, сканер, принтер).

### **Болжамды нәтиже**

Курстың аяқталуы бойынша оқушылар білуі қажет:

- қауіпсіз жұмыс ережелерін;
- ЛЕГО конструкторларының негізгі компоненттерін;
- әр түрлі модельдер, құрылымдар мен тетіктердің құрылымдық ерекшеліктерін;
- графикалық бағдарламалау тілін қамтитын, компьютер ортасын;
- конструктордағы ұтқыр және тіркелген қосылыстар түрлерін;
- роботтарды жобалаудың негізгі әдістерін;
- әр түрлі роботтардың құрылымдық ерекшеліктерін;
- EV3 бағдарламаларын қалай білу;
- роботты техника құралдарының қызметін, бағдарламаның алгоритмін тәртібін құру;
- құрылған бағдарламаларды қолдана білу;
- роботтарды жобалау үдерісінде техникалық тапсырмаларды өз бетінше шешу (алдағы іс-шаралар жоспары, өзін-өзі бақылау, алынған білімді қолдану, арнайы элементтер мен басқа да нысандарды пайдалана отырып, оларды жобалаудың әдістері мен тәжірибесі және т.б.);
- өз идеялары бойынша дайындалған схемаға сәйкес, әзірленген арнайы элементтерді пайдалана отырып, нақты жұмыс істейтін роботтардың үлгілерін жасау;
- қажет болған жағдайда бағдарламаларды түзету;

### Істей білу:

- оқу тапсырмаларын белгілеп, қабылдау, оның түпкі мақсатын білу;
- LEGO конструкторларын қолдана отырып, роботты техника құралдарын жинау;
- роботты техника құралдарына бағдарламалар жасау.
- жұмыс нәтижелерін болжау.
- тапсырмалардың орындалу барысын жоспарлап отыру.
- тапсырманы тиімді орындау.
- топ немесе ұжымның жұмысын басшылыққа алу.

- хабарлама немесе баяндама түрінде ауызша өз ойларын білдіру.
- жолдасының жауабына пікірсарап түрінде ауызша өз ойларын білдіру.
- әртүрлі жолдармен бірдей ақпаратты ұсына алу.

#### Нәтижелерді бақылау механизмі

- олимпиадалар;
- жарыстар;
- оқу-зерттеу конференциялары.
- жобалар.
- атқарылған жұмыс туралы жарнамалық буклеттерді дайындау;
- мектеп сайтында оқушылардың ата-аналары мен мұғалімдердің пікір.

#### **Тақырыптық жоспар**

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны		
		Барлығы	Теория	Іс-тәжірибе
1.	Кіріспе сабақ. EV3 жұмыс негіздері	2	2	
2.	Жобалау ортасы – конструктор тетіктерімен танысу	6	2	4
3.	Қозғалысты беру әдістері. Бәсеңдеткіш туралы түсінік	6	2	4
4.	LegoMindstorm бағдарламасы	8	4	4
5.	Команда, бағдарлама мен бағдарламалау ұғымы	8	4	4
6.	Дисплей. EV3 дисплейін қолдану. Анимацияны құру	8	2	6
7.	Моторлар және тетіктермен танысу. Моторлар мен тетіктерді тестілеу	6	2	4
8.	Нұсқаулық бойынша қарапайым роботты құрастыру	10		10
9.	EV3 бағдарламалық жасақтама. Қарапайым бағдарлама құру	6	2	4
10.	Бір мотормен басқару. Алға-артқа қозғалыс. «Тос» командасын пайдалану. EV3 командасына жүктеу	10		10
11.	Оқушылардың өз бетінше шығармашылық жұмысы	6		6
12.	Екі мотормен басқару. Шаршы бойынша жүру. Тұрақ	6	2	4
13.	Жанасу тетігін пайдалану. жанасуды анықтау.	6	2	4
14.	Дыбыс тетігін пайдалану. Қос сатылы бағдарламаларды құру.	6	2	4

15.	Оқушылардың өз бетінше шығармашылық жұмысы	10		10
16.	Жарық тетігін пайдалану. Тетікті калибрлеу.Сызықты анықтау. Сызық бойынша қозғалу	10	4	6
17.	Екі жарық тетігімен бағдарлама құру. Сызық бойынша қозғалыс.	6	2	4
18.	Оқушылардың өз бетінше шығармашылық жұмысы	6		6
19.	Қашықтық тетігін пайдалану. Көп сатылы бағдарламаларды құру	4	2	2
20.	EV3 ортасында тармақтануды атқаратын бағдарламаларды құру	4	2	2
21.	«Bluetooth» блогы, қосылуды орнату. Компьютерден жүктеу	4	2	2
22.	Зерттейтін роботты дайындау. Қашықтық және жарық тетігі	4	2	2
23.	Ғаламторда жұмыс. Лего жарыстар туралы ақпараттар іздеу, модельдерді сипаттау	8	2	6
24.	Жарысқа арналған жобалауларды дайындау	12		12
25.	«Сызық бойынша қозғалыс» үшін бағдарлама құру. Роботты байқау	4	2	2
26.	«Кегельринг» үшін бағдарлама құру. Роботты байқау	6	2	4
27.	Жобалаудың беріктігі және беріктікті арттыру әдістері	6	2	4
28.	«Сумо» жарысына арналған жобалауларды дайындау	10		10
29.	Жарыстарға дайындық	10	2	8
30.	Қорытынды шығару	6	6	
Барлығы		204	56	148

2013-2014 оқу жылында №16 негізгі мектеп базасында робототехника үйірмесі ашылды. Үйірмеге 30-дан астам оқушы қатысады, олар: қалалық классикалық гимназия, қазақ мектеп-гимназиясы, қазақ-түрік лицейі және №16 негізгі мектебі. Үш робот түріндегі материалдық база спонсорлық демеушілік есебінен (қазіргі уақытта 8 робот комплектісі) сатып алынды. Қысқа уақыттың ішінде үйірмеге қатысушылар Астанада өткізілген «ЭКСПО-2017 балалардың көзімен» тақырыбы аясындағы «Мектеп табалдырығынан ғылымға» ғылым мен техниканың Халықаралық ғылыми-тәжірибелік форумына қатысты. №16 НМ оқушылары LEGO Education в Instagram халықаралық байқауында бірінші орынды иеленді және ғылым мен техника облыстық ғылыми-тәжірибелік форумда жалпы командалық бірінші орынға ие болды. Үйірмеге қатысушылар ғарыштық зерттеулер

бойынша «Ғылым әлемін ашамыз» атты X Халықаралық ғылыми жарыста 1 орынға ие болды, робототехника бойынша Республикалық олимпиадада 1 орын алды және техникалық шығармашылық пен өнертапқыштардың Республикалық жарысында робототехника бойынша әлем чемпионатында «Ең» маңызды жоба номинациясы бойынша 1 орынды иеленді.

**Оқушылардың жетістіктері**  
**Ғылым мен техниканың облыстық ғылыми-тәжірибелік форумы**  
Петропавл қ. 2013 ж.

**1 орын** - №16 негізгі мектеп командасы (Родин Данил, Островский Сергей, Ботаев Бекжан, Калдыбаев Анатолий)

**2 орын** - Қазақ мектеп-гимназиясының оқушылары (Гайнулин Тамерлан, Тагишов Султанбек)



**Робототехника бойынша LEGO Education в Instagram!**  
**(онлайн) Халықаралық байауы, США, 2013 ж.**

**1 орын** – №16 негізгі мектеп



**«Ғылым әлемін ашамыз» атты ғарыштық зерттеулер бойынша**  
**X Халықаралық ғылыми жарыс. Байқоңыр, 2014 жыл**

**1 орын** - Нурпейісов Батыржан, қазақ мектеп-гимназиясының оқушысы және Черных Максим, №5 ОМ оқушысы



**«AlphaRobo» робототехника бойынша**

**Республикалық жарыстар, Орал қ., 2014 ж.**

**1 орын** - Абилев Алтынбек «Траектория» категориясында

**1 орын** – Манкошев Жандос «Сумо» категориясында

**1 орын** - Тагишов Султанбек «Кегельринг» категориясында

**2 орын** - Кинаят Олжас, Каримова Диана

**2 орын** - Ибрагим Адильхан «Кегельринг» категориясында



**Робототехника бойынша Республикалық олимпиада**

**Астана қ., 2014 ж.**

**1 орын** – Кинаят Олжас, Каримова Диана шығармашылық категорияда;

**1 орын** – Мақатов Самат, Сериков Даниял кегельринг «қара-ақ» категориясында;

**1 орын** - Тагишов Султанбек, Гайнулин Тамерлан «Сумо» категориясында;

**1 орын** – Тоқтамысов Талғат, Аманжолова Гүлнар кегельринг «ақ» категориясында.



### Техникалық шығармашылық пен өнертапқыштардың Республикалық жарысы, Ақтөбе қ., 2014 ж.

**1 орын** - Кинаят Олжас, Каримова Диана шығармашылық категориясында;

**1 орын** - Манкошев Жандос, Ибрагим Адильхан «Сумо» категориясында;

**1 орын** - Тоқтамысов Талғат, Аманжолова Гүлнар «Кегельринг» категориясында;

**2 орын** – Тагишов Султанбек, Гайнулин Тамерлан «Сумо» категориясында;

**2 орын** – Манкошев Жандос, Ибрагим Адильхан «Кегельринг» категориясында.



### Робототехника бойынша Жалпыәлемдік олимпиада (WorldRobotOlympiad), Сочи қ., 2014 ж. «Ең өзекті жоба» номинациясы



«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Солтүстік Қазақстан облысындағы филиалы бойынша педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының курсанттарына шеберлік сыныбы, Петропавл қ., 2013 ж.



Техника мен шығармашылықтың облыстық көрмесі Петропавл қ., 2014 ж.



Солтүстік Қазақстан облысы және Петропавл қаласының физика мұғалімдерінің шеберлік сыныбы, 2014 ж.



**«Ғарыш - зымыран модельдері» қосымша білім берудегі оқу бағдарламасы**

*Серік Адайұлы Дәуіталиев,  
Талдықорған қаласындағы жас  
техниктерстанциясының директоры,  
ғарыш лабораториясының жетекшісі,  
Қазақстан Республикасының құрметті  
білім беру қызметкері,  
ҚР білім беру ісінің үздігі*

**Түсініктеме**

Аталмыш уақытта ракеталық-ғарыштық үлгілеу оқушылар арасында қайтадан маңыздылыққа ие болып келе жатыр. Ол оқушыларды планетааралық ұшулар мен ғарыш мәселелерін зерттеу ісіне балаларды тартудың тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады.



Техникалық шығармашылықты популяризациялау мен дамыту бойынша жұмысты жас техниктер станциялары мен клубтарындағы, оқушылардың техникалық шығармашылығы сарайлары мен үйлеріндегі шығармашылық бірлестіктер атқарады.

Үйірмелерге қатысу арқылы оқушылар қажетті техникалық дағдыларды дамытады. Шығармашылық бірлестікте, ұшыру алаңы мен көрмелерде ғарыш туралы арман қызығушылыққа ұласады, ал қызығушылық өз кезегінде мамандықты таңдауға жетелейді. Оқушылар алуан түрлі материалдармен жұмыс жасауды, технологияларды, құрастыруды, даярлауды, жинауды, реттеуді, сынақтар ұйымдастыруды және әртүрлі құрастырулар мен үлгілерді пайдалануды үйренеді. Механикалық жабдықтарды өңдеу, өлшеу аппаратуралары мен құралдарды қолдануды біледі. Алуан түрлі жарыстарға, конкурстарға, көрмелерге, көрсетілімдерге және өзге де шараларға қатысады, олар өз кезегінде балалардың техникалық шығармашылығын жарнамалау мен жария ету болып табылады.

Ғарышты зерттеуде прогреске жетелейтін факторлардың бірі болып ракеталық техниканы жария етудің маңызды құралы саналатын ракеталық үлгілеу болып табылады. Аталмыш бағдарламада ракетаны үлгілеу бойынша жарыстарда жеңістерге жетелейтін ракетаны үлгілеудің негіздері ұсынылады.

«Ракетаны үлгілеу» бағдарламасының өзектілігі тәжірибелік әрекет арқылы оқушылардың бойында білімдер жүйелері мен адамның ғарыш пен кеңістік арасындағы байланысы құрылымдалып, тұлғаның үлкен мүмкіндіктері ашылады.

Аталмыш бағдарламаның негізгі мақсаты төмендегі шарттарды қамтиды:

- өзіндік шығармашылық құрастыру әрекеті дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың заманауи ракеталық техника, ракета құрастыру спорты, осы бағыттағы мамандықтарға деген қызығушылығын ояту;
- оқушылардың бойында отандық ракеталық және ғарыш техникасы, ракетаны үлгілеу спортына деген мақтаныш сезімін ояту.

#### **Бағдарлама міндеттері**

##### *Оқыту:*

- ракета үлгілерін жасау бойынша техникалық шығармашылық саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- ракетаны үлгілеу мен жобалаудың жалпығылыми және техникалық қабілеттерін қалыптастыру.

##### *Дамытушылық:*

- оқушылардың шығармашылық потенциалын дамыту, интеллекті жетілдіру және логикалық ойлауды дамыту.

##### *Тәрбиелік:*

- кеңістік және ондағы адамның орны туралы түсінікті қалыптастыру;

- қоршаған ортаны қорғау сезімін қалыптастыру.

### **Бағдарламаның ерекшелігі мен жаңалығы**

Аталмыш білім беру бағдарламасының осы бағыттағы өзге оқу бағдарламаларынан ерекшелігі ол оқушыларды ракеталарды үлгілеу жарыстарына даярлап, қатысуын ғана қамтамасыз етпейді, бірақ өзіндік спорттық үлгілерді жасауына да бағыттайды.

Оқу процесі ракета үлгілерін зерттеу мен даярлау әрекеттері оқушыларды нәтижесі өз құрылымдарын жасауға жетелейтін сатылай өзіндік ерікті шығармашылығын дамытуға үйретеді.

**Білім беру саласы:** технология.

**Оқу нысаны:** ракеталарды үлгілеу

**Бағыты:** спорттық-техникалық бағдарламалар.

**Білім беру кешені:** бағдарлама жас техниктер станцияларындағы ракеталарды үлгілеу бірлестіктері аясында жүзеге асады.

### **Әрекеттің ұйымдастыру-педагогикалық негіздері**

Бағдарлама қосымша білім беру жүйесінде үш жылдық оқытуға жоспарланған. Топтардағы қатысушылардың жастары 9дан 17 жасқа дейін, яғни оқушылардың жас және психофизикалық ерекшеліктері шығармашылықтың аталмыш түріне толық сәйкес келеді.

Бағдарлама бірінші және екінші оқу жылдарында 108 сағатқа, ал үшінші оқу жылында 216 сағатқа есептелген – (аптасына 6 сағат). СанПиН талаптарымен сәйкестендірілген сабақтар үш академиялық сағатқа есептелген. Топтарға оқушыларды қабылдау ерікті түрде жүргізіледі, топтардың құрамы үнемі тұрақты болады, 1-3 оқу жылында оқитын оқушылардың топтардағы құрамы 7 ден 10 адамға дейін болады. Бірінші, екінші және үшінші оқу жылындағы топтарға кез келген тілек етуші қатыса алады.

Оқытудың алғашқы жылында оқушылар негізгі теориялық ұғымдармен, ракеталық техниканың тарихымен танысады. Бірлестіктегі сабақтарда оқушылар S-3, S-6 үлгідегі ракеталарды, ротошюттерді жасап, қозғалтқыштар мен қосу құралдарының жұмыс ережелерін зерттейді, ракеталарды үлгілеу жарыстарына қатысады, техникалық шығармашылық пен өзге де жарыстарға қатысады.

Екінші оқу жылында оқушылар құрастырылымдық және технологиялық есептерді шешеді, күрделі емес техникалық есептеулерді жүзеге асырады, изготавливают S-9 үлгідегі ротошюттердің үлгілерін даярлайды, шығармашылық жобаларды жасақтайды, ракеталарды үлгілеу жарыстарына қатысады, техникалық шығармашылық пен өзге де жарыстарға қатысады.

Үшінші оқу жылында жеке даярлық бағдарламасы бойынша дарынды балалармен жұмыс жүргізуге болады. Оқушылар бұл мезетте

айтарлықтай білім қорымен, қабілеттер, дағдылармен қаруланған, алуан түрлі материалдармен жұмыс жасау тәжірибесі бар. Бұл кезде оқушыларға кедергі келтіріп, өз нұсқаларыңызды ұсынудың қажеті жоқ, керісінше шығармашылық процесті нақты және сауатты басқара білу керек. Үшінші жылда оқушылар S-4, S-5, S-7 үлгісіндегі ракеталар жобаларын жасауда; өзіндік ғарыш жобалары мен көшірмелер үлгілерін жасау мен құрастыруда айтарлықтай еркіндікке ие бола алады. Оқудың бұл кезеңінде оқушылар алуан түрлі деңгейдегі жарыстар, көрмелер мен конкурстарға қатыса алады.

**Бағдарламаны құрастыру қағидаттары:**

- қарапайымдылық;
- дифференциациялау;
- жүйелілік;
- ашықтық;
- жалғасым.

**Оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаттары:**

- әрекеттік бағыт;
- жеке тұлғаға бағдарлану;
- оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың бірізділігі;
- көрнекілік;
- қолжетімділік;
- диалог;
- гуманистикалық бағыт.

**Оқыту үдерісін ұйымдастыру тәсілдері:** ойын жеткізе айту, қанаттандыру, жетістік жағдайын ұйымдастыру.

Ракетаны үлгілеу шығармашылық бірлестігіндегі сабақты өткізу түрі де сан алуан. Сабақтар оқушылардың мұғаліммен бірлескен жұмысы түрінде өткізіледі, сабақтар жеке түрде де, топтық түрде де орындалады. Мұғалімнің сабақтағы ролі оқушылардың қызығушылығын дамыту мен құрастырудың техникалық дағдыларын үйрену барысында өзгеріп отырады. Бағдарламаны үйренудің барлық сатыларындағы негізгі мақсат – ересек пен баланың біріккен шығармашылығының атмосферасында жаңа идеялар, ойлар туындайды.

**Күтілетін нәтижелер**

**Бірінші оқу жылының соңына қарай оқушылар білуге міндетті:**

- шеберханада жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасын;

- жұмысқа қажетті құралдардың қолданылу ретін;
- ракета үлгілерінің ұшу теориясы туралы жалпы түсінік;
- S-3, S-6 класты ракеталар үлгілерінің негізгі құрылымдық ерекшеліктерін;

- ғарыш ілімі даму тарихының кейбір мәселелерін.

**дағдылар:**

- құралдарды пайдалану;
- дайындалатын үлгілердің жұмыс сызбаларын даярлау;
- ракеталардың ең қарапайым үлгілерін қолдан өз бетімен жасай алу;
- анықтамалық әдебиетті қолдана алу.

**Екінші жылдың аяғына қарай оқушылар білуге міндетті:**

- электр құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережесін;
- ротошют үлгілерінің негізгі мінездемелері мен элементтерін;
- түйіс пен үлгі агрегаттарының жалпы құрылымдары мен жұмыс принциптері;
- аэродинамика мен метеорология туралы жалпы ақпарат;
- ракета үлгілерін реттеу принциптері, сынақтарды жүргізу;
- әртүрлі материалдарды өңдеу тәсілдері мен әдістері.

**дағдылар:**

- жұмыс сызбаларын өз бетінше даярлап, солар бойынша үлгілер даярлау;
- қажетті ақпаратты іздеу кезінде анықтамалық әдебиетке жүгіну;
- өз ойы бойынша сызбалар құрастыру;
- күрделі үлгілерді даярлап, алуан түрлі жарыстарға қатысу.

**Үшінші оқу жылының соңына қарай оқушылар білуге міндетті:**

- электр құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережесін;
- өз бетімен құрастырған үлгілерді реттеу және соңғы бақылау жұмыстарын жүргізу;
- үлгілердің сапалы мінездемелері туралы негізгі ұғымдарды білу;
- өзіндік үлгілерге қажетті әртүрлі материалдарды өңдеу әдістері мен тәсілдерін білу.

**дағдылар:**

- үлгілерді өз бетімен жасап, көрсету;
- алынған білімді сызба жасау мен үлгі құрастыру кезінде өз бетімен пайдалануы;
- әртүрлі деңгейдегі жарыстарға, конкурстарға, көрмелерге қатысу. Нәтижесінде «Ракета жасау» бағдарламасы бойынша үш жылдық оқу курсынан өткен оқушыларға төмендегідей талаптар қойылады:

1) оқушылардың бойында заманауи ракета техникасы мен ракета үлгілерін жасау спортына деген танымдық қызығушылықты ояту;

2) өзіндік перспективалық спорттық ракета үлгілерін жасау бойынша шығармашылық құрастыру әрекетінің дағдыларын қалыптастыру;

3) жобалау мен құрастыру саласында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Әрбір оқушы үшін бағдарлама бойынша алынған білімнің нәтижесі болып өзін ерікті таңдау жасай алатын, қателік жасауға құқылы, өзін өзі жетілдіруге қабілетті шығармашылық тұлға ретінде сезінуі саналады.

### **Қорытынды жасау формалары**

Білім беру бағдарламасының нәтижелілігін бақылау келесі формада жүзеге асатын болады:

**Конкурстар.** Бақылаудың бұл түрі білім беру мазмұнының деңгейін анықтау жеке жұмысқа дайындық деңгейін тексеру және ең дарынды және қабілетті балаларды анықтау мақсатында жасалады.

**Көрмелер.** Мұғалімге оқытудың тиімділік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін нәтижелерді қорытындылаудың аталмыш түрі шығармашылық жұмыстардың деңгейін, шеберлігін, мәдениетін, орындалу техникасын анықтау мақсатында, сонымен бір мезетте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау мен дамыту мақсатында жасалады. Көрмелерді ұйымдастыру мен өткізу балалар, ата-аналар мен мұғалімдердің оқу нәтижелерін көріп, топтағы оң психологиялық атмосфераны қалыптастыруына септігін тигізеді.

**Жарыстар.** Бақылаудың бұл формасы мұғалімге «Ракета-ғарыштық техника мен ракетаны үлгілеу» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тексеруге мүмкіндік береді (теориялық бақылау), сол секілді ракета үлгілерін жасау деңгейі (стендік бақылау), ұшудың уақыты мен биіктігі (ракеталарды ұшыру). Жарыстар шығармашылық бірлестіктер арасында немесе бір бірлестіктегі қатысушылар арасында, ракеталардың жекелеген үлгілері арасында өткізіледі. Біліктілік жарыстары нәтижелеріне сәйкес келесі ракеталарды үлгілеу бойынша келесі деңгейдегі жарыстарға қатысу үшін топ таңдалып алынады.

Сонымен бір мезетте аталмыш бағдарлама бойынша балалардың шығармашылық әрекетін бағалау ретінде балалардың білімін қарапайым бақылау, тәжірибелік жұмыстарды орындау барысында қабілеттер мен дағдыларды бақылау көмектеседі.

## Оқу-тақырыптық жоспар

